



16 мамыр, сенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

ҚЫЗМЕТ



2 Қызмет көрсету бұрыштары ашылды

СҰХБАТ



3 Жансақ пікір жанға медет емес

ЖЕҢІС – 75

5 Елмен еріз туған ер



ЖАРАСЫМ

8 Тоғысқан тағдыр



АРАЛ: ӨНДІРІС, КӘСІПКЕРЛІК КЕНЖЕЛЕМЕУІ КЕРЕК



Газетіміздің өткен санында хабарлағанымыздай, бейсенбі күні облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың жұмыс сапары Арал, Қазалы аудандарында жалғасты. Облыс басшысы Арал ауданының орталығындағы Әдебиет үйіне барып, ондағы музей жұмысын тамашалады. Музей аласындағы Э.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романының басты кейіпкерлері бейнеленген ескерткішті және экспозициялық залдағы жазушының өмірбаяны, шығармашылығы, жұмыс кабинетіндегі кітаптарымен танысты.

Мұнан кейін әкімдік ғимаратында облыс әкімінің төрағалығымен ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған мәжіліс өтті.

– Елімізде орын алған төтенше жағдайға байланысты бұған дейін аудандарды аралау мүмкіндігі болмады. Міне, жағдай біршама қалыпқа келгеннен кейін, дәстүрге сәйкес алғашқы ресми жұмыс сапарымды Арал ауданынан бастап отырмын.

Кешеден бері бірқатар әлеуметтік нысандар мен ауылдық елді мекендерді аралап, тұрғындармен кездесудемін. Елдің ахуалын, тұрғындардың жағдайы мен халықтың тұрмыс-тіршілігін көзбен көріп келемін. Өздеріңізге белгілі, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, қазір елде дағдарысқа қарсы кешенді шаралар қабылдануда. Сонымен қатар, экономикада, әлеуметтік сала мен ауыл шаруашылығында бірнеше ауқымды бағдарламалар іске асып жатыр.

Бүгін сіздермен бірге осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарды, алдымызда тұрған мақсат-міндеттер мен ауданның әлеуметтік-экономикалық даму барысын қарайтын боламыз, – деді жиын барысында облыс әкімі.

Сондай-ақ ауданның биылғы I тоқсан қорытындысына қысқаша тоқталып, бірқатар көрсеткіштердің өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда төмендегенін айтты.

– Ауданда өнеркәсіп өндірісі 5,5, өңдеуші өнеркәсіп 7,5, кәсіпкерлік саласы 2 процентке төмендеген. Тек ауыл шаруашылығындағы өнім өндірісі, тұрғын үйлерді пайдалануға беру, бөлшек сауда айналымының көлемі артқан. Бірақ, бұл нәтижелер көңілге қонымды емес, себебі экономиканың негізгі көрсеткіштері төмен, – деді аймақ басшысы.

Өз кезегінде аудан әкімі Мұхтар Оразбаев кеткен кемшіліктердің себептеріне тоқталып, алдағы жоспарларын айтып өтті.

2-бет.

ҚАЗАЛЫ: ЖАҢА ЖОБАЛАР ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ ЕҢСЕРУІ ТИІС



Қазалы ауданында жұмыс сапарымен болған облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова алдымен Бекарыстан би ауылының тыныс-тіршілігін көрді. Онда «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Жоба аясында Бекарыстан би ауылының әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттен 930 млн теңге көлемінде қаржы бөлінген.

Нәтижесінде ауылдағы мектеп ғимаратын күрделі жөндеу, тұрғын үйлерге сервистік су желілерін жүргізу және 7 көшені орташа жөндеу жоспарлануда. Сонымен қатар, ауылдағы 8 көшені жарықтандырып, 20 азамат уақытша жұмыспен қамтылатын болады. Облыс әкімі бөлінген қаржының мақсатты жұмсалып, атқарылған жұмыстардың сапалы болуын тапсырды.

Мұнан кейін облыс әкімі «Әлсейіт» учаскесіндегі көпірге барды. Екі жолақты бұл көпірдің жалпы ұзындығы 219 метр, ені 12 метрді құрайды. Алдағы уақытта көпірдің екі жағынан жаяу жүргіншілер жолын салу қарастырылған. Көпірдегі қосымша құрылыс жұмыстары туралы облыстық жолаушылар келігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы М.Тілеуімбетов баяндады. Аталған көпірде дамба салу және кірме жолдардың су басу аймақтарын бетондау жұмыстары жүргізілуде. Өңір басшысы аудан әкімі мен басқарма

басшысына көпірдің қосымша құрылыс жұмыстарын сапалы жүргізуді және уақытылы аяқтауды тапсырды.

Облыс басшысы Қазалы қаласында «Қазалы» конфет шығару цехінің жұмысын көрді. Цех иесі Нұрбек Қазбергенов 2014 жылы мемлекет қолдауымен «Жұмыспен қамту-2020» Жол картасы бағдарламасы аясында 15 млн теңге несие алған. Биыл «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы арқылы кәмпит шығару кәсібін дамыту үшін 28 миллион теңгеден астам қаржылай қолдауға ие болыпты.

Сондай-ақ облыс әкімі «Жанқожа батыр» кесенесінде ардагерлер кенесінің өкілдерімен кездесті. Кездесуде ауыл ақсақалдары Қазалы қаласына табиғи газ тартуды мәселесін көтерді. Облыс әкімі бұл мәселенің кезек кезеңімен шешілетінін атап өтті. Қазалы қаласы мен Әйтеке би кентінің біріктірілген бас жоспарымен танысты. Мұндағы қос елді мекеннің жалпы аумағы 7868 гектар.

2-бет.

ЭКОНОМИКА ҚҰРЫЛЫМЫНА ЖАҢА КӨЗҚАРАС ҚАЖЕТ

Қазақстан дамудың жаңа кезеңінде, анығын айтқанда, тәуелсіздік жарияланған сәттен бастап ауқымы жағынан бұрынғымен салыстыруға келмейтін өзгеріске тап болды. Мұны әлемдік дағдарыс дейді.

Сб Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы».

Өртүрлі деңгейдегі сарапшылардың пайымдауынша, дағдарыс ғасыр көлеміндегі таразы өлшемімен салыстырылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның қорытынды отырысында мәселенің түйінін дәл осылай атап көрсетті. Сонымен бірге Мемлекет басшысы

ел алдында тұрған таяу кезеңнің міндеттеріне барынша дәйекті сипаттама берді.

Әлбетте, ғасырбұрынғыдағдарыс туралы айтқанда біз ең алдымен өткен дәуірдегі депрессияны ой елегінен өткізуіміз маңызды. Өзгешелігі, сонымен бірге ұқсастығы бар. Сол дәуірде капиталистік әлем өзінің либералдық ұстанымынан уақытша бас тартып, ең бастысы

күйзелістен шығудың бағыт-бағдарын белгілеуде мемлекеттік басқару тетігін мықтап қолға алған болатын. Бұл орайда Қазақстан Президентінің күні кеше белгілеген міндеттерін сараптан өткізу біз үшін маңызды болып табылатынын атап өткіміз келеді.

Мемлекеттік комиссияның жұмысын тоқтату туралы жария еткен Президент індеттің толығымен жойылып кетпегенін, сондықтан шектеулер әр өңірдегі жағдайдың жақсаруына қарай біртіндеп алынаатынын мәлімдеді. Сақтық шаралары, әрине, керек. Себебі, індеттің екінші кезеңі басталып кетуі әбден мүмкін, оған ешкім кепілдік бере алмайды.

4-бет.



188 адам аурудан айықты

Жұма күні облыста коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны 245-ке жетті. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов хабарлады.

– Қызылорда қаласында – 96, Аралда – 8, Қазалыда – 5, Қармақшыда – 7, Сырдарияда – 26, Шиеліде – 68, Жанакорған ауданында – 35 жағдай. Індет жұқтырғандардың жасына сәйкес талдасак, 0-14 жастағылар – 23, 15-19 жастағы – 11, 20-29 жас – 71, 30-39 жас – 37, 40-49 жас – 40, 50-59 жас – 31, 60-жастан жоғары – 32 азамат. Соңғы тәуліктің 13 адамнан вирус анықталды. Бұлардың барлығы Атырау облысында мұнай-газ саласында жұмыс істейтін азаматтар. Атап айтсақ, Қызылорда қаласынан – 2, Аралдан – 2, Қазалыдан – 2, Қармақшыдан – 2, Шиеліден – 2, Жанакорғаннан 3 жағдай тіркеліп отыр. Сондықтан, өзге өңірлерден келген азаматтар болса, жергілікті медициналық мекемеге хабарласуларын сұраймыз. Нұр-Сұлтан, Алматы қаласынан келгендер барынша

сақтанып, оқшауланғаны дұрыс. Олар үй карантиніне арналған ережені сақтауы тиіс. Індет белгілері білінсе, дереу жедел жәрдем шақыртқан жөн, – деді ол.

Жалпы індет жұқтырғандардың 75 проценті, яғни, 188-і емделіп шыққан. Емделіп шыққандардың ішінде 28 медицина қызметкері бар. Вирус жұқтырғандармен байланыста болған 3278 азаматтың 1806-сы жақын қарым-қатынаста, 1472-сі жанама байланыста болған. Инфекциялық стационарға – 59, провизорлық стационарға – 18, карантиндік стационарға 89 азамат жатқызылған. Облыс бойынша 722 сынама алынып, 462-сі теріс мәнді, 13-і оң мәнді нәтиже көрсетті. Жалпы эпидмаусым басталғалы бері 21259 сынама алынған.

«СБ» ақпарат.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 45-сессиясы 2020 жылғы 29 мамырда сағат 15:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) мәжіліс залында ашылды. Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады: 1. «Қызылорда облысында агро-өнеркәсіп кешенін дамыту жолдары және оны жақсарту шаралары туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 15 наурыздағы № 106 шешімінің орындалу барысы туралы.

2. «2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 374 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. 3. Қосымша мәселелер. Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстары 2020 жылғы 29 мамырда сағат 10:00-де, тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы сағат 11:00-де өткізіледі.

Облыстық мәслихат.





АРАЛ: ӨНДІРІС, КӘСІПКЕРЛІК КЕНЖЕЛЕМЕУІ КЕРЕК

– Ауданның инфрақұрылымын, өңдеу және сауда кәсіпорындарын, ауыл шаруашылығы саласын дамытуда 6200 жаңа жұмыс орнын ашып, жұмыссыздық деңгейін 4,6 процентке төмендетуге күш салып жатырмыз. Алда атқарылар жобалар ауқымды. Өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасынаауданнан 1,8 млрд теңгенің 4 жобасы енгізілді. Қазіргі таңда индустриялық аймақта жалпы құны 240 млн теңгеге жуық қаржыны құрайтын 3 жоба іске асырылуда. Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау қашан да басты міндетіміз болмақ, – деді аудан басшысы.

Облыс әкімі Мемлекет басшысының қалыптасқан жағдайды ескеріп, экономиканы оңалту мақсатында бюджеттен қомақты қаражат бөлегенін айтты.

– Біздің аймаққа 37 млрд теңге қаралып отыр. Бұл қаржы жаңа жұмыс орындарын ашу, тұрғын үй-комму-

1-бет.

ҚАЗАЛЫ: ЖАҢА ЖОБАЛАР ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ ЕҢСЕРУІ ТИІС

Былтыр бекітілген бұл жоспар аясында 707 гектар аумақ инфрақұрылыммен қамтылған. Ал жеке тұрғын үй құрылысы үшін 2192 учаске табысталыпты.

Айта кетсек, кент пен қала арасына әлеуметтік нысандар да біртіндеп бой көтеруде. Мысалы, бүгінде аудандық аурухана, аудан әкімдігінің ғимараты, Рәміздер алаңы мен аудандық сот ғимараты пайдалануға берілсе, 250 орындық емхана, мәдениет үйі, әкімшілік ғимаратының құрылысы жүріп жатыр. Алдағы жылдары екіқабатты 12 пәтерлі арендалық тұрғын үйлер, өрт сөндіру депосы, жабық базар, мектеп, балабақша салынады.

Облыс әкімі Әйтеке би кентіндегі мәдениет үйі құрылысының жұмысын да көрді. Екі қабаттан тұратын нысанда 600 орындық көрермендер залынан бөлек, стол ойындарына арналған бөлме, мерекелік және салт-дәстүрімізді насихаттау залы, хор бөлмесі, бейнелеу өнері, кітапхана және оқу бөлмелері орналаспақ. Биыл қазан айына дейін пайдалануға беріледі деген жоспар бар.

– 2015 жылы жоба-сметалық құжаттары дайындалып, сараптамадан өткізілген бұл ғимаратқа құрылыс жұмыстары 2018 жылы басталды. Қазір бөлінген қаржыдан 460 млн теңге игеріліп, ғимарат толық тұрғызылды, төбесі жабылды. Енді ішкі әрлеу, инженерлік желі тарту бойынша жұмыстар атқарылып жатыр. Биылға қалған қаржысы толық бөлінді. Сондай-ақ ауданда республикалық бюджет есебінен 250 адамға арналған емхана мен әкімшілік ғимаратының құрылысы да басталып кетті, – деді облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ариұр Нұрмағамбетов.

Қазалыдағы әкімдік ғимаратында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты мәжіліс өтті. Облыс әкімі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес елімізде дағдарысқа қарсы кешенді шаралар қабылданып, экономиканың бірқатар салаларында ауқымды бағдарламалар іске асырылып жатқанын айтты.

– Өздеріңіз білетіндей, қазіргі уақытта әлемдік экономикадағы ахуал күрделі. Бұл ел экономикасына кері әсерін тигізуде. Осыған орай, Мемлекет басшысының шешімімен халықтың әлауқатын арттыру мақсатында мемлекеттік «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы қабылданып отыр. Аталған бағдарлама аясында республикалық және облыстық бюджеттен қаражат бөлініп, ауданда инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту, елді мекендерді абаттандыру мақсатында 42 инфрақұрылымдық жоба бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жобалардың іске асырылуын басты назарда ұстап, қаржының тиімді игерілуін қамтамасыз ету қажет, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы атап өткендей, ауданда биылғы бірінші тоқсан қорытындысы бойынша бірқатар көрсеткіштерде төмендеу байқалады. Мәселен, ауданда есепті кезеңде жалпы көлемі 3,6 млрд теңгенің өнеркәсіп өнімі өндірілген болса, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 96,5 процентті құрап

1-бет.

налдық шаруашылық, абаттандыру, инженерлік-көліктік инфрақұрылымды дамыту жобаларына бағытталатын болады. Ал Арал ауданына 3 миллиардқа жуық қаржы қаралды. Аудан әкімдігінің ендігі міндеті – осы қаржыны тиімді игеру. Жалпы біздің алдағы бірлескен жұмысымыздың басым бағыттары – елдің әлеуетін, тұрғындардың тұрмыстық жағдайын жақсарту. Елбасының, Президенттің біздің алдымызға қойған негізгі міндеттері – осы, – деп атап өтті облыс әкімі.

Арал ауданында «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы шеңберінде бөлінген қаржыға 16 жоба іске асуда. Оның ішінде Арал қаласының жолдарын орташа жөндеу, аудандық маңызы бар автомобиль жолының құрылысын, Сексеуіл кентіндегі 300 орындық мектеп құрылысын жүргізу, орталық көшелерді абаттандыруға, Арал қаласындағы ауыл-ішлік көшелерге газ құбыры жүйелерін жеткізу секілді ірі жобалар

қарастырылған. Өңір басшысы «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында бөлінген қаржыны тиімді жұмсауды тапсырды.

Сондай-ақ, аймақ басшысы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі бойындағы «С» және «Д» санатты жол бойы сервис кешенінде болды. Мұнан өзге «Қамбаш» білім беру және олимпиадалар орталығымен танысып, Қосжар ауылында орналасқан «Қамыстыбас» балық питомнигінің жұмысын көрді.

Аманөткел ауылы тұсында орналасқан қалқымалы көпірді жаңарту. Аталған көпір арқылы дарияның арғы бетінде қоныстанған 6 мыңдай халық Арал мен Қазалыға қатынайды. Ұзындығы 70 метрге жуық қалқымалы көпірді жаңартуға 300 млн теңгедей қаржы керек. Гүлшара Әбдіқалықова қалқымалы көпірге қатысты қаржы қаралып, тиісті жұмыстарды тезірек атқару қажеттігін айтты.



отыр. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде төмендеу бар. Бұдан бөлек, ауданда жұмыссыздар саны да артқан көрінеді.

Аудан әкімі өз кезегінде аталған кешіліктер бойынша жұмыстар қолға алынғанын, қосымша шаралар қабылданатынын жеткізді.

– Көрсеткіштің төмендеуіне әлемдегі пандемияның таралуы да әсер етіп отыр. Амаңдық болса, бірінші жарты-жылдықтың қорытындысымен барлық көрсеткіштерді орындаймыз деп отырмыз.

Біздің есебіміз бойынша Қазалы ауданындағы жұмыссыздардың саны 1837 адам. Осыдан 1518 адамды жұмыспен қамтуды жоспарлап отырмыз. Жұмыссыздар саны бұдан да көп болуы мүмкін. Оның себебін де айтып кеттім. Алдағы уақытта ауданның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттары бойынша тиісті жұмыстарды кезең-кезеңімен жоспарлы түрде жүзеге асырамыз, – деді Мұрат Ерғешбаев.

Аудан әкімінің айтуынша, Қазалы ауданына «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бойынша 3 млрд 11 млн теңге қаралған. Ауданға жоспарланған 860 жұмыс орынының 431-і жұмыспен қамту орталығы арқылы жіберіледі деп жоспарлануда. Осы жұмыстардың нәтижесінде жұмыссыздық деңгейін 4,9-дан 4,8 процентке төмендету көзделген. Әлеуметтік салада жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша шараларды іске асыру жалғаса бермек.

Облыс әкімі Мемлекет басшысының шешімімен халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатында «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы қабылданып, облыста 9299 жұмыс орнын қамтамасыз ететін 276 жобаны іске асыру көзделгенін айтты.

– Осының ішінде Қазалы ауданының үлесіне 860 жұмыс орнын қамтамасыз ететін 42 жоба бар. Оған 3 млрд теңгеден астам қаражат бөлініп отыр. Бұл қаржы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, абаттандыру, инженерлік-көліктік инфрақұрылымды дамыту жобалары арқылы жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталатын болады. Жобалардың іске асырылуын басты назарда ұстап, қаржының тиімді игерілуін қамтамасыз ету қажет. Істеліп жатқан жұмыстардың барлығы – Президенттің талабы. Бұл сапарымыздың

мақсаты – осы. Ел-елді аралап, сіздердің жағдайларыңызды өз көзімізбен көру. Көріп қана қоймай, кемшілік пен жетіспеушіліктің салдарын қарап, барынша айтылған мәселелер бойынша жұмыс жүргіземіз, – деді облыс басшысы. Сондай-ақ жиында облыстық мәслихат депутаты Ибайдулла Тілеп ауданда кәсіпкерлікті дамыту, Қазалы қаласын газдандыру және Сырдария өзені бойындағы Қарлан учаскесіне темір-бетон көпірін салу туралы ұсыныс та білдірді. Бұл ретте аталған мәселелер қаржы реттілігіне қарай кезең-кезеңімен жүзеге асатыны айтылды.

Облыс әкімі мың жарымнан астам тұрғыны бар Ғани Мұратбаев атындағы елді мекенге барды. Ауыл саябағында округ әкімі Абай Рыстығұл «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бойынша жүзеге асырылатын жобалар туралы айтып берді. Мұнан соң облыс басшысы Әйтеке би кентінде орналасқан «Аймақаш» шағын ауданына да ат басын тіреді. Аудан әкімі Мұрат Ерғешбаев жаңадан құрылған шағын ауданды инженерлік инфрақұрылыммен қамту туралы жобалармен таныстырды. «Аймақашқа» жол, электр желісі, газ, ауыз су жүйесі тартылған. 115 гектар жерге жеке тұрғын үй бойынша жер учаскелері беріліп, әлеуметтік нысандар салынып жатыр.

Аудандағы сапар кезінде облыс әкімі бірқатар өндіріс орындарында болды. «РЗА» АҚ ірі қара өсіру кешені мен темір-бетон зауытын аралап, Қазалы көлік-техникалық колледжі және «Қазалы-Керуен» көлік-логистикалық орталығының жұмысымен танысты.

Қазалыда, сондай-ақ, Ақсуат ауылында әлеуметтік нысандар жұмысы назарға алынды.

– Ауылда 90 орындық балабақша салынып жатыр. Бұйырса, биыл тамыз айында беріледі. Одан бөлек, 150 орындық клубтың қаржысы шешіліп, мердігер компания анықталуда. Бұл Ақсуаттағы екі нысан да апаттық жағдайда болды. Сондай-ақ Ғани Мұратбаев ауылын газдандыру мәселесі де шешіліп, биыл 239 млн теңге қаржы бөлінді, – дейді аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Нұрбек Күзембаев.

Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы». Арал-Қазалы-Қармақшы. Суреттерді түсірген Б.ЕСЖАНОВ.

Айта кету керек, сапар барысында облыс басшысы Бөген ауылындағы «Бөген СДО» ЖШС балық өңдеу зауытына және «Ақлақ» су тоспасына да арнайы барып, жұмысымен танысты. 2006 жылдан бері пайдалануға берілген, көлдерге, шабындықтарға каналдар арқылы су жіберіп, балықтың өсуіне және мал азығы үшін шөп дайындауда «Ақлақ» тоспаның маңызы айтпаса да түсінікті. Облыс әкімі әр кездесуде тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін мұқият тыңдап, тиісті атқарушы орган жетекшілеріне нақты тапсырма беріп отырды. Арал ауданына қатысты Жаңақұрылыс ауылындағы көптің көкейіндегі мәселенің бірі – дария арнасынан көлге тартылған тоспалардың (шлюз) іске жарамсыздығы еді. Биыл ол мәселе шешіліп отыр. Ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сердалы Шалбаев жол мәселесін тілге тиек етті.

– Осы ауылдағы «Нұралы» жарма

каналына тоспа салынатын болды. Бұл арқылы жайылымдық жер көлемі ұлғайып, Қаракөл, Ақбасты көлдерін суландыру арқылы балық шаруашылығын дамытуға әбден болады. Шабындық, мал азығы да көбейетіні белгілі. Екінші мәселе аудан территориясына қарасты былтыр басталған «Жаңақұрылыс-Бекарыстан би» автомобиль жолына жүргізілген жөндеу жұмыстары тезірек бітсе деген халықтың ұсынысы да бар. Орталықтан тым алыста жатқан ауылға ұялы байланыс қажет. Ауыл жастарының бір тілегі – осы, – дейді ақсақал.

Айта кетсек, жол мәселесі бойынша бүгінге дейін Аралға қарасты 23 шақырым болатын «Жаңақұрылыс-Бекарыстан би» автомобиль жолының 9 шақырымына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген. Қалған жөнделуге тиісті жолды асфальттау алдағы жылдары қоса қаржыландыру бойынша жалғасын таппақ.

НАЗАРДА – ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР

Кеше облыс әкімінің жұмыс сапары түстен кейін Қармақшы ауданы мен Байқоңыр қаласында жалғасты. Өңір басшысы әуеслі Төреғам кентіндегі №22 35/10 кВ қосалқы станциясын кеңейту және қайта құрылымдау жобасымен танысып, аудандық білім бөліміне қарасты №277 мектеп-лицейде болды.

Сонымен қатар, Байқоңыр қаласындағы 50 пәтерлік 5 тұрғын үй назарға алынып,

«Нұрлы жер» бағдарламасы аясында қалада көппәтерлі тұрғын үйлер құрылысын жалғастыру бойынша жұмыстар пысықталды. Бүгінгікүніжалпы құны 3,2 млрд теңге құрайтын, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алған тағы 5 тұрғын үйдің жоба-сметалық құжаттамасы дайын көрінеді. Құрылысқа қаражат бөлу мақсатында ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне бюджеттік өтінім де ұсынылған. Тұрғын үйлердің құрылысына 5 гектар жер бөлінген.

Сондай-ақ, Байқоңыр қаласындағы көпбейінді ауруханада болған облыс басшысына бас дәрігер Жандос Әділхан медициналық көмек көрсету жұмыстарын баян етті. Аурухана фойесінде жаңадан жұмысқа қабылданған дәрігерлермен пікірлесу болды.

Облыс әкімі сапар барысында Байқоңырдағы Мәңгілік алау және интернационалист жауынгерлерге арналған ескерткішке гүл шоғын қойып, саябақты абаттандыру жұмысының нәтижесін де көрді.

Мұнан кейін Жосалы кентіне келген облыс басшысы индустриялық аймақта орналасқан «Мир-2001» ЖШС-ның бетон бұйымдарын шығару цехының жұмысымен танысты. Одан кейін «Жосалы 220/35/10

кВ» қосалқы станциясына және газ реттегіш пунктке аяллады. Қармақшыда бүгінге дейін тартылуы тиіс 163 шақырым газ құбырының 133 шақырымы жүргізілген. Жобада қаралған 6 газ реттегіш пункттің 3-і салынған.

– Былтыр Жосалы кентін газдандыру жұмыстарын бастағанбыз. Қазіргі таңда бөлінген 3 млрд 200 млн теңге қаржының 1 млрд 700 млн теңгесін игердік. Қалған қаржы тамыз айына дейін толық жұмсалатын болады. Барлық материалдар жеткілікті, бұйырса, қыркүйек айында газ аудан орталығына келеді, – деді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Медет Усаин.

Сонымен қатар басқарма басшысы аудандық электр тарату торабы мекемесінің станциясына жүргізіліп жатқан құрылыс жұмысын да айтып өтті. «Жосалы 220/35/10 кВ» қосалқы станциясында 1969 жылы пайдалануға берілгеннен бері қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілмеген. Былтыр министрліктен қолдау тауып, 1 млрд 600 мың теңге қаржысы бөлінген нысанның барлық жабдықтары түгелдей жаңартылмақ. Станция жұмысы қыркүйек айында толық бітеді.

Айта кетейік, бүгін облыс әкімінің жұмыс сапары Қармақшы ауданында әрі қарай жалғасады.



ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БҰРЫШТАРЫ АШЫЛДЫ

Халыққа қызмет көрсету орталықтары өз жұмысын 18 мамырдан бастап жаңа форматта бастайтын болады. Өңірдегі карантиндік шектеулерге байланысты қағаз түріндегі қызметтер алдын ала броньдау арқылы көрсетіледі.

Бүгінде шаһардың бірнеше аумағында egov.kz бұрышы, яғни өз-өзіне қызмет көрсету секторы ашылды. Енді тұрғындар онлайн қызметтерді egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы осы жерден ала алады. Алғашқы бір күннің ішінде-ақ қызмет көрсетудің бұл түрін 100-ден аса азамат пайдаланып үлгерді.

– Бұл секторлар азаматтар-

дың Халыққа қызмет көрсету орталықтары ашылғанға дейін ыңғайлы қызмет алуы үшін құрылды. Олар мұнда электрондық-цифрлық қолтаңба (ЭЦК) немесе мобильдік азаматтар базасында тіркелген жағдайда, түрлі анықтамалар мен электронды қызметтерді алады, – дейді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ облыс-

тық филиал директоры Айдын Қайруллаев.

Өзіне-өзі қызмет көрсету секторлары қалаға қарасты барлық ауылдық округ әкімдігінің ғимаратында, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап кітапханада, сол жағалауда орналасқан облыстық жастар ресурстық орталығында, «Бақытты отбасы» орталығында, қаладағы автосалондарда, «Энергосервис» мекемесінде, барлық пәтер иелері кооперативтері ғимараты мен «Тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің» ғимаратында орналасқан.

«СБ» ақпарат.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда облыстық мәслихаты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі № 1 ғимаратында «Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Азаматтардың өтінішін қабылдау жөшігі» орналасқандығын және 605401 нөмірі «сенім» телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

Электронды мекен-жай: kyz_oblmaslikhat@mail.ru

Азаматтарды қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның тегі, аты жөні	Азаматтарды қабылдайтын адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Бисенов Қылышбай Алдабергенұлы	Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы	бейсенбі сағат 15.00-17.00	Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, № 1	605401
Ілірісов Бақытжан Жеткерұлы	«Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» ММ басшысы	сейсенбі сағат 15.00-17.00	Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, № 1	605399

Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауға алдын ала жазылу үшін 8 (7242) 605401 байланыс телефоны арқылы хабарласуға немесе Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1 мекен-жай бойынша келуге болады.

ЖАҢСАҚ ПІКІР ЖАҢҒА МЕДЕТ ЕМЕС

11 мамыр күні елімізде екі айға созылған төтенше жағдай режимі аяқталды. Бірақ пандемияның қауіптілігіне байланысты карантиндік шектеулер әр өңірдегі жағдайдың жақсаруына қарай біртіндеп алынады. Сақтық шаралары халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін ауадай қажет.

Алты құрлыққа ауыз салған қауіпті індеттің бетін қайтаруда ақ халаттылардың еңбегі ерен. Бүгінде бүкіл халық дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің қайсарлығына тәтті. Оларды адам өміріне араша түсуші бүтінгі күннің батырлары деп есептейді. Аурумен күрестің алдыңғы шебінде жүргендер үшін Үкімет қосымша қолдау шараларын қабылдады. «Әрине, ақ халатты абзал жандар бұдан да зор қолдауға лайық», – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Өңірде алғашқы науқас тіркелген 28 наурыздан бері негізгі ауыртпалық денсаулық сақшыларының мойнына түсті. Олар күні-түні үй бетін көрмей еңбек етіп келеді. Бірақ әлемді әбігерге салған кеселге тойтарыс беруде халықтың түсіністік танытып, қауіпсіздік шараларын орындауы да маңызды. Өйткені бірлігі мықты ел ғана індетті берге жеңеді.

Бір жарым айдан бері карантин жарияланған Қызылордадағы эпидемиологиялық ахуал және көпшілікті қызықтырған басқа да сұрақтар жөнінде облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Абдусаметовтен сұрап білдік.



– Жақсылық Әбілқасымұлы, алдымен, елдегі, оның ішінде облыстағы эпидемиологиялық ахуалға тоқталсаңыз...

– Бүгінде әлем жұртшылығы сын сағаттарды бастан кешіруде. Коронавируспен күрес жер жүзінің әр қиырында жүргізіліп жатыр. Қауіпті індет тіркелген алғашқы күннен бастап елімізде ауқымды сақтық шаралары қолға алынды. Республика көлемінде төтенше жағдай режимінің енгізілуі нәтижесінде дерттің жаппай таралуына тосқауыл қойылды.

Біз сәл шегініс жасап, 11 мамыр күнгі мәліметке назар салайық. Ол күні Қазақстанда коронавирус инфекциясын жұқтырудың 5138 дерегі есепке алынды. Олар: Нұр-Сұлтан қаласында – 1074, Алматы қаласында – 1593, Шымкент қаласында – 233, Ақмола облысында – 110, Ақтөбе облысында – 174, Алматы облысында – 183, Атырау облысында – 302, Шығыс Қазақстан облысында – 51, Жамбыл облысында – 179, Батыс Қазақстан облысында – 252, Қарағанды облысында – 196, Қостанай облысында – 62, Қызылорда облысында – 230, Маңғыстау облысында – 129, Павлодар облысында – 154, Солтүстік Қазақстан облысында – 36, Түркістан облысында – 180. Науқастардың 1 941-і ем-

деліп шықса, 31-і көз жұмды.

Ал Қызылорда облысында 230 жағдай тіркелді. Олар: Қызылорда қаласында – 93, Жаңақорған ауданында – 31, Арал ауданында – 6, Сырдария ауданында – 26, Қармақшы ауданында – 5, Шиелі ауданында – 66, Қазалы ауданында – 3. Соның 160-ы жазылып шықты. Қайтыс болғандар жоқ.

Ауру ошақтары негізінен облыс орталығы мен Жаңақорған, Шиелі, Сырдария аудандарында тіркелді. Індеттің күнделікті өсу қарқынына келсек, 30 наурызда – 150, 8 сәуірде 39 процентке жеткен кездері болды. Қазіргі кезде 7 процентке дейін тұрақталды. Бірақ босансуға болмайды. Карантин тәртібін жеңілдету, өзге аймақтар мен шет елдерден келушілер миграциясы қосымша қауіп тудырады. Сондықтан үнемі аурудың алдын алу, оны ерте анықтау шараларын сапалы жүргізуге тиіспіз.

– Өңірде аурудың өршуін немен байланыстырсақ болады? Науқастардың көбі қай жас шамасында, олардың ішінде жасанды тыныс алу аппаратына қосылғандар бар ма?

– Жалпы, вирустың жүзу қаупі отбасында, жұмыс орнында, қоғамда сақтық шараларын орындамаған, қорғанбаған, көпшілік ортада жиі жиналған жағдайда жоғарылайды. Біздегі

вирус жұқтырып тіркелгендердің көбі – 20-29 жас аралығындағылар. COVID-19 вирусын жұқтырған 230 адамның 22-сі – 14 жасқа дейінгілер, 11-і – 15 пен 19, 67-сі – 20 мен 29, 33-і – 30 бен 39, 39-ы – 40 пен 49, 28-і – 50 мен 59 жас аралығындағылар, ал 30-ы – 60 жасты еңсергендер. Олардың арасында сіз айтып отырған жасанды тыныс алу аппаратына танылғандар жоқ.

– Есесіне ауруынан айыққандар көп. Коронавирустың вакцинасы табылмаса, сіздер қалай емдеп жатсыздар?

– Коронавирусы вирустық инфекция болғандықтан, оны жұқтырған науқастар вирусқа қарсы препараттардың көмегімен емделеді. Емдеу ісі Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен клиникалық хаттамаға сәйкес жүргізіледі. Хаттама әлемдік озық тәжірибелерге сүйеніп әзірленген және бұл жерде коронавирустың сезімталдығы негізге алынған.

– Қазір зімбір, лимон, мен сарымсақтың саудасы қызып тұр. Біреулер «алкоголь қорғайды» екен дейді. Бұған не дейсіз?

– Коронавирусы инфекциясынан дәл осы нәрсе қорғайды дей алмаймыз. Бірақ иммунитетті, ауруға қарсы төзімділікті арттыру үшін зімбір, лимон, сарымсақты пайдалану артықшық етпейді. Ал «алкогольді ішімдік

қорғайды» деу – өте жаңсақ пікір. Спирттік өнім, керісінше, адам ағзасын әлсіретіп, вирус жұқтыру қаупін жоғарылатады.

– Медициналық масканың вирустан қорғайтынына күмәнданатындар кездеседі...

– Бұл да дұрыс емес. Коронавирусы инфекциясы респираторлы вирус болғандықтан вирус ауа тамшылары арқылы жұғады. Оның таралу қаупінен бетперде, қолғап сияқты қорғаныш құралдары қорғай алады. Бетперде ауырған адамның вирусты таратуына кедергі келтірсе, сау адамның қорғануына септігін тигізеді. Қорғаныш құралдары сапалы болуы және тәртіпке сай қолданылуы шарт.

– Дерт жұқтырғандардың дені бұрыннан созылмалы, маусымдық ауруы бар адамдар көрінеді. Бұл бәсекеттің иммунитеті төмендерді төңіректейтіні анық боп тұр ғой, әлде оған қарамай ма?

– Әрине, кез келген инфекцияны бірінші кезекте әлсіз топ жұқтыратыны белгілі және оның өту ағымы да ауырлау болады. Әлсіз топ деп отырғанымыз – қарт кісілер, бірнеше созылмалы ауруы бар адамдар, жүкті әйелдер. Сондықтан осы азаматтардың өте сақ болғаны жөн. Дегенмен, COVID-19 аса қауіпті жұқпалы вирус болғандықтан, жасына қарамастан науқастар тіркеліп жатыр.

– Жұмыс барысында ауру жұқтырып алған әріптестеріңіздің жағдайы туралы айтып берсеңіз...

– Індет жұқтырған медицина саласының қызметкерлері басқа науқастармен бірдей жағдайда ем алып жатыр. Жалпы, ауру жұқтырғандардың жағдайы түгел бақылауда, бірқалыпты. Жоғарыда айтып өткенімдей, қатты ауырып жатқандар жоқ.

– Кейбір адамдар бұған дейін коронавирусы жұқтырып, қайтадан жазылып шыққанына сенімді. Бірақ олар мұны кәдімгі тұмау деп ойлаған. Жақсылық Әбілқасымұлы, ел аузындағы әңгімеге қатысты сіздің пікіріңізді білсек...

– Алдымен, COVID-19 вирусының негізгі белгілерін бір ауыз айтып өтейін. Олар – дене қызуы, әлсіздік және құрғақ жөтел. Кейбір науқастар ауырсынуды сезінеді. Мұрынның бітелуі, ағуы, фарингит немесе диарея байқалуы мүмкін. Әдетте, бұл белгілер біртіндеп дамиды. Вирус жұқтырған енді біреулер олардың бірде-бірін, індетті жұқтырғанын сезбейді. Сондықтан шын мәнінде аурудың жеңіл түрін басынан өткізген болуы әбден мүмкін. Оны анықтау үшін арнайы зерттеу жүргізіп, ағзадағы коронавирусына қарсы арнайы иммуноглобулиндердің бар-жоғын анықтау қажет. Адамның

бұрын ауырған-ауырмағанын экспресс-тест көрсете алады.

– «Ондай ауру жоқ» дейтіндерді де кездестіріп жүрміз. Әлем әлекке түсіп жатқанда бұлай деу қаншалықты орынды?

– Коронавирусы індетімен әлем күресіп жатыр. Еліміздегі, аймақтағы жағдайды әлгінде айттым. Мұндай пікір науқастардың 80 процентінде аурудың жеңіл түрде өтуіне байланысты туындауы мүмкін. Бірақ біз жазылғандар мен жеңіл түрде сырқаттанғандарға емес, ауыр ағымдағылар мен қайғылы жағдайға душар болғандардың үлесіне басты назар аударғанымыз дұрыс. Мұндай жағдайға жеткізбегеніміз абзал. Сондықтан олай деуге еш негіз жоқ.

– Медицина қызметкерлеріне рахмет, күн сайын қаншама адам жазылып шығып жатыр. Дегенмен, көптің көкейінде «ол кісілер енді ешкімге ауру жұқтырмай ма?» деген сұрақ бар...

– Аймақта тіркелген науқастар күн санап айғып шығып жатыр. Мұның бәрі мамандарымыздың ерен еңбегінің арқасы дер едім. Ал індеттен жазылған науқастар ауруханада 2 рет тест сынамасы алынып, ол теріс нәтиже көрсеткесін ғана шығарылады. Шыққаннан кейін де екі апта аймақтық дәрігерлердің бақылауында болады. Сосын тағы тест сынамасы алынып, толық жазылғанына көз жеткізуіміз керек.

– Жақсылық Әбілқасымұлы, пандемия қашан тоқтауы мүмкін? «Вирус күн қатты ыстықта өледі» деп жүр біреулер...

– Пандемияның тоқтау мерзімі әзір белгісіз. Бұл әлемдік процестерге байланысты. Күннің жылынуы вирустың таралуына белгілі бір деңгейде кедергі келтіреді. Өйткені вирус күн көзіне тұрақсыз. Елімізде төтенше жағдай режимі токтаса да, тұрғындар сақтық шаралары аясында өмір сүруді дағдыға айналдыруы керек. Көпшілік орнында, қоғамдық көлікте бетперде пайдалану, үнемі антисептик қолданып жүру, қол беріп амандаспау сияқты қаралайым ғана ережелерді ұстану соншалықты қиын да емес.

– Қауырт жұмыстың арасында уақыт бөлгеніңіз үшін рахмет.

Әңгімелескен
Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».



Сынақ жұмыстарының кезеңдері туралы шетелдік басшылар сараптамаларына шолу жасап өтелік. Ұлыбританияның Оксфорд университетінде зерттеуге 1100 адам тартылған. Ғалымдар сынақтың 80% нәтижелі болатынына сенімді. Олардың сенімділігі соншалықты вакцинаның жаппай өндірісіне кірісіп кетті. Дегенмен, бұл – өте тәуекелге толы қадам, сәтсіз болуы да ықтимал. Қыркүйекке дейін вакцинаның бір миллион дозасы дайындалса, кейін көлемін одан әрі көбейту көзделуде.

Ұлыбритания үкіметі Оксфорд жобасына 20 миллион фунт стерлинг бөліп отыр. Мұнан бөлек, Денсаулық сақтау министрлігі Лондон Империялық колледжіндегі балама сынақ жұмыстарына да 22,5 миллион фунт стерлинг бөледі. Мұнда адамдарға сынақ маусым айында жүргізіледі.

Германиядағы Паул Эрлих атындағы институтта алғашқы клиникалық сынақтарға рұқсат етілді. Бірінші кезекте 18 бен 55 жас аралығындағы дені сау 200 адамға вакцина егіледі. Екінші бөлігінде осындай жастағы, бірақ COVID-19 вирусына шалдыққан адамдарға сынақ жүргізілетін болады. Институт ғалымдары бивал вакцина жалпыға бірдей қолжетімді болмайтынын ескертті.

АҚШ-та наурыз айының орта шенінде коронавирусына қарсы вакцинаны адамға клиникалық сынағы туралы хабарлаған болатын. Inovio Phamaceuticals орталығында 10 сәуірден бастап 40 еріктіге вакцина салу басталғанын мәлімдеді. Зерттеушілер вакцина түрінде егілген клеткалар қауіпсіз бөлөктің көшірмесін өндіретін мини-фабрика секілді жұмыс

істейтінін айтады. Вирус организмге енген жағдайда иммундық жүйе өз кезегінде оларға қарсы күрес жүргізіп жеңіп шығатын болады. Алайда ғалымдардың айтуынша, алғашқы тестілер нәтижелі аяқталғанның өзінде вакцинаны кең көлемде қолдана бастау үшін бір жарым жылдай уақыт керек. АҚШ-тың санитарлық бақылау басқармасы вакцинаны келесі жылы шығара бастауы мүмкін.

Осы бағыттағы оң нәтиже беруі ықтимал саналатын жеті жобаны қаржыландырып отырған миллиардер Билл Гейтс бұл істе асығыстық жасауға болмайтынын айтады.

Қытайда COVID-19-ға қарсы үш вакцина түрін сынақтан өткізуге рұқсат берді. Алғашқы болып аденовирус векторы негізіндегі вакцина қолдауға ие болды. Ол жыл соңына дейін еріктілерге сынақтан өткізеді. Инактивті вакцина бойынша сынақ процестері де тез жылжып келеді. Ол бойынша Уханьдағы ғалымдар мен пекіндік Sinovac Research & Development Co компаниясы жұмыс жүргізуде. Эпидемияның алғашқы орталығында адамдарға сынақтан өткізудің екінші кезеңі басталды. Алғашқы кезеңінде үш жас тобындағы 96 адам вакцина алған болатын. Барлық еріктілер бақылауда, қауіпті жағдай байқалған емес. Вакцинаның қауіпсіздігі және тиімділігін анықтауды аяқтауға бір жылдай уақыт кетуі мүмкін. Қытай үкіметі шұғыл қолдану үшін (адамдардың белгілі бір тобына, мысалы медицина қызметкерлері) вакциналардың бірі қыркүйек айында дайын болып қалуы мүмкін екенін жеткізді. Ауруларды бақылау орталығының басшысы Гао Фу жалпы халық үшін

вакцина дайындау келесі жылдың басында қолға алынуы ықтимал екенін айтты.

Ал швейцариялықтар қазан айына дейін вакцина дайындауды мақсат тұтуды. RBD-вакцина дайындаумен Берн университетіндегі Иммунология институтында Мартин Бахман зертханасында жұмыстар жүргізілуде. Ғалымдар клиникалық тестілеу жұмыстарын күзге дейін анықтап, содан соң азаматтардың тәуекелді тобын вакцинациялауды бастауды көздеуде. Дегенмен, елдегі бақылау органдары бұл мерзімге әлі күдікпен қарап отырғаны жасырын емес.

Израиль мемлекетінде сәуір айында биологиялық зерттеу институты ойлап шығарған вакцина түрлерін тестілеу басталды. Сынақтар қорғаныс министрлігіне қарасты биохимиялық лабораторияда кеміргіштерге жасалуда. Адамдарға жасалатын алғашқы клиникалық сынақтар жаз айларында басталады деп жоспарланған. Тестілеу алты айдан тоғыз айған дейін созылады деп күтілуде.

Нидерланды елінде коронавирусына қарсы БЦЖ вакцинасын сынақтан өткізуге байланысты алғашқы зерттеулер басталды. Алдын ала зерттеулер БЦЖ вакцинасы COVID-19-ға қарсы белсенді күрес жүргізетінін көрсетті. Онымен айналысып жатқандар – Утрехт қаласындағы медицина университетінің ғалымдары. Елдегі сегіз аурухананың жүздеген медицина қызметкеріне вакцина тестілеу жүргізілді.

Австралиялық ғалымдар да нидерландық әріптестері жүріп өткен жолмен келеді. Мұнда төрт мыңдай медицина қызметкерлеріне вакцина

егілген. Оның нәтижесін ғалымдар жыл бойына бақылайтын болады.

Ал италиялық ғалымдар коронавирусы жеңе алатын вакцинаны әлемде бірінші болып жасап шығарғанын мәлімдеді. Олар сынақты кеміргіштерге жасап, олардан алынған антидене адам клеткаларына жұққан COVID-19 вирусын тоқтататынын анықтаған. Жақын арада адамдарға тестілеуді бастауды ұйғарып отыр.

Алайда ұлыбританиялық ғалымдар бұл хабарға онша сене қоймайтынын білдірді. Кейбір сарапшылар тестілеуден өткен вакцинаның өзі емес, иммундық жауап деген пікір білдірді. Ол адам организмінде тіпті басқа нәтиже көрсетуі деген ойды айтады. Иә, қауіпсіз және тиімділігі мол вакцина кез келген инфекциялық аурудың алдын алуда ең сенімді тәсіл. ДДСҰ бас директоры Тедрос Аданом Гебрейесустің мәлімдеуінше, бүгінгі таңда 70-ке жуық мемлекет коронавирусты емдеу тәсілдері мен оған қарсы вакцина шығару бағытында жұмыс жүргізуде. Олардың қатарында Қазақстан да бар.

Вакцина дайындауға неліктен барлық мемлекеттер атсалысуда? Егер де вакцина дайын болса, оны барлығына жеткізу қиын болмақ. Мәселен, бір жарым миллиардқа жуық халқы бар Үнді мемлекеті жасап шығарса, ол өз тұрғындарын толық вакциналаудан өткізіп болмай басқаларға бере қоймайтыны анық. Сондықтан барлығы да өзгенің қолына телміргеннен көрі өз өнімдерін жасап шығарғанды қалайды.

Бас директор ДДСҰ вакцина дайындау барысындағы белсенділікті қолдайтынын, оның тезірек жасалғанын

және барлық елдерге әділ түрде таратылғанын қалайтынын жеткізді. Бірақ, мамандар пікірінше бірқатар нюанстар бар. Вакцинаға сынақ жасап жатқан мемлекеттер қысқа мерзімде жаппай вакцинациялауға қол жеткізе алмайды. Ол үшін кезінде бір не екі жыл, тіптен одан да ұзағырақ уақыт керек. Ешкім де толық тексеріліп, дәлелденбеген өнімді нарыққа шығара алмайды. Бұл – ғылыми-медициналық әлемнің берік ұстанған қағидасы. Иә, адамдар жаңа індеттен өліп жатыр. Бірақ, вакциналар тексерілген болуы тиіс.

Сонымен бірге мамандар экспериментальды түрде болса да алдағы күз айларында вакцинациялау басталатынын жоққа шығармайды. Бірақ бұл белгілі бір топтарға жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстарының жалғасы іспеттес болмақ.

Ғалымдар, сондай-ақ, вакцинаны дайындап жатқан кезде жаңа вирустың беталысы қалай болатын болжау қиын екенін айтады. Мысалы, 2002-2003 жылғы эпидемия кезінде біршама адам қайтыс болды. Көп ұзамай оған қарсы вакцина дайындау жұмыстары тоқтап қалды. Өйткені, сол кездегі вирус із-түзсіз жоқ болып кетті де, вакцинаға сұраныс болмай қалды. Қазіргі вирус та солай жоқ болып кетуі мүмкін.

Ал жаңа вирус мутацияға (өзгеріске) ұшыраса не болмақ? Егер вакцина жасалып шығарылса, оны жаңа мутацияға бейімдеп отыру проблема емес дейді бұл жөнінде мамандар. Бір анық нәрсе бар. Коронавирустың алғашқы толқыны вакцинасыз өтетіні белгілі болып отыр. Сондықтан, вакцинамен қатар, оны емдеудің тың тәсілдерін іздестіре берген дұрыс.

ВАКЦИНА ҚАШАН ПАЙДА БОЛАДЫ?

Бүгінде әлемнің жүздеген клиникалары мен зертханаларда COVID-19 вирусына қарсы вакцина ойлап табу бағытында жұмыс жүріп жатыр. Ұлыбритания сынақтарды күзге дейін аяқтауды жоспарласа, Германия еріктілерді тартуда. Ал Билл Гейтс АҚШ-тағы жобаларды қаржыландыруда. Алайда, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бір жылдың ішінде вакциналар дайын болады деген мәлімдемелерге соншалықты сеніп отырған жоқ.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы».

ЭКОНОМИКА ҚҰРЫЛЫМЫНА ЖАҢА КӨЗҚАРАС ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы бұл тұрғыда көптеген дәйектер келтірді. Дағдарыстың зардабын жоюға қатысты жүргізілген қаржылық қолдау шаралары айтылды. Олардың бәрін қазір қайталап жату артық деп есептеймін. Ең бастысы, қазір біз үшін дағдарыс кезіндегі және одан кейінгі дамудың басымдықтары маңызды болып табылады. Президент біріншіден, Қазақстан экономикасының өзін-өзі қамту деңгейін арттыру мәселесін міндет етіп қойды. Осыған орай еліміздегі қуатты шикізат базасы негізіндегі өнеркәсіп саласындағы өндірудің тың тәсілдерін дамыту қажеттігі аталды. Айтатыны жоқ, бұл – маңызды мәселе.

Өзіміздің қолда бар деректерге сүйеніп көрейік. Экономиканың өзін-өзі қамту деңгейі деген ұғым сан-салалы. Ол негізінен біздің пайымдауымызда, экономиканың бірқатар салаларында импорт алмастыру қасиетін көздейді. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда аз нәрсе атқарылған жоқ. Бірақ ол қазіргі әлемдік жанкешті бәсекелестік жағдайында жеткізілімсіз. Президенттің көздегені – жіберген олқылықтарымыздың орнын толтыру, сыртқа өнім шығару, осының нәтижесінде сатылған өнімнен келетін қаржы түсімін молайту. Бізде әлі де анықтауды қажет ететін мына цифр біршама аландатады. Экономикада импорт үлесі 60 процентті құрайды.

Президент жалпы табысы көп салалар ретінде энергетиканы, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету буындарын атап көрсетті. Нақ осы сектор экономиканың жаңа құрылымын қалыптастыруға ықпал жасайтын болады. Түсінікті тілмен айтқанда, энергетика дегеніміз – мұнай-газ, уран тағы басқалар. Сонымен бірге индустриаландыру үдерісіне қатысты ұстанымды қайта қарау қажеттігі туралы айтылды. Индустриаландырудың

екі бесжылдығында бірқатар шаралар іске асырылды. Бірақ ол жаһандық экономиканың бүгінгі жанкешті бәсекесіне төтеп бере алмай отыр. Біздің пайымдауымызда, цифрлар тым көтеріңкі. Осыған орай, Президент экспорттық және ішкі нарықтардағы нақты мүмкіндіктерді айқындап алу мәселесін бірінші кезекке шығарды. Біздің түсінгеніміз, алдағы уақытта неге басым бағыт беретінімізді айқындау маңызды. Ең алдымен алға қойған мақсаттарды, әдіс-тәсілдерді белгілеп, ілгерілей түскен абзал. Мемлекет басшысы отандық тауар өндірушілерді қолдауға бағытталған мемлекеттік сатып алудың ерекше тәртібі биылғы тамыз айына дейін жалғасатынын айтты. Бұл – дағдарыс зардабын жеңілдетудің жолы.

Атқарушы билікке орасан зор міндеттер жүктеліп отыр. Президенттің пайымдауынша, инфрақұрылымдық бағдарламалар бойынша жергілікті мүмкіндікті пайдалану деңгейін 40 проценттен 60-70 процентке жеткізу керек. Түсіндіре кетейік, бұл дегеніңіз жергілікті жерде жұмыс көзін қамтамасыз ету, сонымен бірге бюджет кірісін қалыптастыру бағытында ауқымды шаралар кешенін көздейтін болады.

Қазақстан Президенті азық-түлік мәселесіне айрықша тоқталды. Қазақстандағы 1 млн 700 мың жеке қосалқы шаруашылықтың өнімі сауда орындарында сатылмайды. Бұл салықтан жалтарудың жолы емес пе? Мемлекет ауыл шаруашылығына үлкен қолдау көрсетуде, жеңілдіктер көп. Егер қосымша резервтерді іске қоса алсақ, отандық ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жүктемесін қазіргі 53 проценттен 70 процентке дейін арттыруға мүмкіндік бар. Сонда біздің сол жеңілдіктерге берген жауабымыз қайсы?!

Әлемде талай дағдарыстар болды. Бұл рынокқа тән, сұраныс пен ұсыныс үйлесімділігінің бұзылуының



салдары болып табылады. Бірақ өмір қазіргі таңда бұл көзқарасқа біршама өзгеріс енгізе бастады. Биылғы дағдарыстың коронавирус дертімен ұласуы әлемдік ахуалды тым ушықтырып жіберді, ендігі жерде рыноктың өзін-өзі реттеуі деген түсінік бұлыңғыр тарта бастады. Мұндай жағдайда мемлекеттің басқару ролі арта түсетіні анық.

Президент әлемдік тәжірибеге сүйенеді. Сол тәжірибесі Қазақстан жағдайына бейімдеп, тұйықтан шығудың жолдарын іздестіреді. Бұл жол табылды. Қазақстанда өңірлердің мүмкіндіктерін артығымен пайдалану арқылы тоқыраудан шығудың алғы шарттарын қамтамасыз ету, міне, осы инфрақұрылымдық жобаларды тиімді жүзеге асыру. Өткен ғасырдың 30-40 жылдардағы депрессия кезінде АҚШ президенті Франклин Рузвельт осы жолды таңдады. Сол жолы АҚШ әлемге дағдарыстан шығудың озық үлгісін көрсетті.

АҚШ-тың ауылшаруашылық саласы дағдарыс жылдарында көп зардап шекті. Өнімдер артық шығарылып, өтпей қалды. Тауарлар бағасы үш есе арзандап кетті. Бұл фермерлердің жағдайын күйзелтті. Дағдарыс жылдарында 900 мың фермерлік шаруашылық қысқартылды.

1929-1933 жылдарда АҚШ-тың банк жүйесі айтарлықтай дағдарысқа ұшырады. Осы жылдарда 5800 банк жабылды. Миллиондаған американдық өздерінің банкке салған жинақтарынан айырылып, қайыршылық жолға түсті. Экономикалық дағдарыс американдық халқының психологиясына айтарлықтай әсер тигізді. Ең бай елдің қайыршылыққа душар болуы халықтың молшылыққа деген үмітін үзе бастады.

Ф.Рузвельт сайлау алдында өзінің жаңа экономикалық реформасын ұсынды. Негізгі бағыты миллиондаған кедейленген халықтың мүддесін қорғау деп түсіндірілді. Реформаның бұл бағыты тарихта «жаңа бағыт» деп аталды. Ф.Рузвельттің жаңа бағытын американдық қоғамы онша түсіне алған жоқ. Оны социализм деп айыптады. Бірақ сайлау қарсаңындағы үгіт-насихат жұмысының барысында экономикалық дағдарыстан шығудың жолы мемлекеттік тұрғыдан реттеу екенін капиталистер де түсіне бастады.

Қазақстан жағдайына келейін. Ғасыр өтсе де, дағдарыс сипаты ұқсас, бірақ бізде экономика салаларына теңдесі жоқ қолдау көрсетілуде.

Президент халықты жұмыспен қамту, қолжетімді тұр-

ғын үй құрылысы мәселесіне ерекше тоқталды. Осылардың барлығы экономиканы көтерудің маңызды шарты. Бірінші рет әлеуметтік әділдік үшін жалақы және басқа кіріс түрлеріне қатысты және жеке кіріс салығының үдемелі өлшемін енгізу мәселесін шешуіміз қажеттігі айтылды. Үдемелі өлшемге сәйкес жалақысы төмен азаматтар салықты қазіргіден аз төлейді. Ал еңбекақысы жоғары қызметкерлердің төлейтін салығы артады. Бұл мәселе бұрын Ресейде және Қазақстанда ауызекі әңгімеде жиі қозғалатын. Біздің пайымдауымызша, оның біршама теріс тенденция тудыруы мүмкін деген қауіп те жоқ емес. Бірақ қалай болғанда да біз нақты нәтиже беретін экономикаға бетбұрыс жасайтын уақыт пісіп-жетілді. Себебі экономиканың көлеңкелі тұстары әлі көп. Салықтан жалтарамыз, кәсіп түрін жасырамыз, мыңдаған жалдамалы жұмысшылардың зейнетақы қорына қаржы аудармаймыз. Сол мыңдағандардың міндетті медициналық сақтандыру бойынша шарасыз жағдайына күнн ертең кім жауапты болады? Президент емес, әрине өзіміз.

Біз қандаймыз? Президенттің ойынан ұққаным, кешегі дағдарыс кезінде миллиондаған азамат әлеуметтік көмекке қол жеткізді. Мемлекет жалпы дағдарыстың сипатын аңғарып, оларды жіліктеп, кім қанша табыс табады деген мәселеге келгенде жаппай теңгерімшілікке баруға мәжбүр болды. Өйткені оларды анықтауға қыруар уақыт қажет болатын еді. Бірақ біздің ойымызша, бұл мәселе келешекте бір жүйеге түсетін болады. Мемлекет азаматты болса да салық міндеттемесіне адал азаматтарға ғана көмекке келеді. Бұл, әрине, келешектің міндеті, дағдарыстан кейін болатын ұстаным. Бірақ әрбір азамат мұны осы бастан түсінгені абзал деп ойлаймыз.

Мемлекет әдеттен тыс ша-

раларға баруды көздеп отыр. Мысалы, қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі экономиканың несиелеу көлемін арттыру үшін пруденциялық шектеулерді қысқарту және өтімділікке қысым көрсетуді азайту шараларын қабылдады. Бұл банк секторында шамамен 600 млрд теңгені үнемдеуге мүмкіндік береді. Пруденциялық шектеу деген не? Бұл жерде меніңше, экономика үшін «өгіз өлмейтін, арба сынбайтын» жолды табу қажеттігі айтылып отыр. Тұтастай дағдарыс жалынғы шарпыған кезеңде әлбетте, мұндай барлығына қолайлы жолды табу оңайға түспейді. Пруденциялық шектеулерді қысқарту банктерге оңай соқпайды. Оның мәнісі, несие сұрағандарға қойылатын талапты азайту деген ұғымды білдіреді. Әрине, мемлекет қысылғанда барлық жағдайға баратынын түсінікті. Ол бізге кешіріммен қарады. Біз енді жауап ретінде өз жауапкершілігімізді айқын түсінуіміз керек. Біз оған дайынбыз ба?

Президент міндеттерінің қатарында секьюритизация мен сақтандырудың қарапайым әрі оңтайлы тетігін қалыптастыру қажеттігі айтылды. Бұл ағылшын ұғымынан алғанда бағалы қағаздар шығару арқылы ақша ағымын қалыптастыру деген түсінікті білдіреді. Ипотекалық дағдарыс кезінде АҚШ-та бұл тәсіл оң нәтижесін берді. Секьюритизация жүйесі арқылы 2007 жылы АҚШ-та 3 трлн доллар айналымға қосылды. Сарапшылардың айтуынша, көптеген елдерде, әсіресе Еуропада бұл тәсіл оншалықты үйреншікті дағдыға айнала қойған жоқ.

Иә, біз дағдарыстан шығамыз. Біршама қиналамыз. Жұмыс орындарын толық сақтап қалу мүмкін емес. Өмірге деген бұрынғы түсінігіміз де өзгереді. Ал сол өзгерістерді парасатты пайымға жетірді әрбіріміз үшін өте маңызды екенін ұғынғанымыз абзал.

1-бет.

Көктем айы – шаруалар үшін нағыз еңбек науқаны. Әсіресе, шопандардың жұмысы қыза түседі. Қой төлдеп, мал басы көбейіп, жұмыс еселенеді. Мұқият болмаса, жас қозылардың қатарға қосылуы қиын болары анық. Осы ретте Жаңақорған ауданындағы «Шайық» шаруа қожалығы төлдеу науқанын ойдағыдай аяқтады.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

ҚАРАКӨЛ ТҰҚЫМЫ БАҒАЛЫ

Атакәсіптен ажырамаған «Шайық» шаруа қожалығы 1997 жылы құрылған. Қожалық егесі – Гүлнәр Мансурова. Бастапқыда 300-ден аса қойы болған кәсіпкердің қазір 1500 бас асылтұқымды уақ малы бар. Қой өзінің жаратылысында жайылым малы. Көк шөп табиғи азғы. Оларды жайылымсыз өсіріп көбейту мүмкін емес. Сондықтан шопан мезгіліне қарай Қарт Қаратаудың етегі мен Сырдың жағасын жайлап, өрісін ауыстырып отырады. Соған қарай қора-жайы салынған. Малдың азығын шаруалар өздері дайындайды. Қожалыққа тиесілі 30 гектар жерге жоңышқа себіледі. Ал, арпа, бидайын сатып алады.

Шаруашылықта 6 адам тұрақты жұмыс жасайды. Қазір қойшылар қойын төлдетіп, қырқып, тауға өргізіп жатыр. Қаракөлдің қозыларын жергілікті шағын және мал бағу ісін енді бастап жатқан кәсіпкерлер сатып алады. Ал, арнайы бордақыланған малды ет комбинаттарына өткізеді. Бұл түлік түрі – байлық көзі. Содан болар «Мал өсірсең, қой өсір, пайдасы оның көл-көсір» деп бекер айтылмағаны. Кеңес үкіметі кезінде қаракөл тұқымын өсіру қарқын алды. Терісі бағалы, жүні қымбат есептелді. Қазақстан қой өсіру бойынша алдыңғы орынға шықты. Шет мемлекеттерден түсетін сұраныс жоғары болып, табыс көзіне айналды. Алайда, ел Тәуелсіздігінің алғашқы жылдары экономикалық реформаның және жаңа нарықтық инфрақұрылымның құрылуы, мал шаруашылықтарындағы селекциялық-асылдандыру жұмыстарына мән бермеудің әсері мал саны мен оның өнімділігінің төмендеуіне әкелді. Салдарынан жекешелендірудің алғашқы кезеңінде мал басы азайды.

Елімізде 2016 жылдан бастап «Қаракөл қой тұқымдары» республикалық палатасы жұмыс істей

бастады. Палатаның мақсаты – селекциялық асылдандыру жұмыстарын жүргізуге ықпал ету, қой тұқымын асылдандыра отырып, өнімнің саны мен сапасын жақсартуға атсалысу. Ветеринариялық жұмыстардың уақыттылы жүруіне жағдай жасау, бірдейлендіру жұмыстарының дұрыс жүруін және берілетін субсидиялардың басты басымдық бағыттарына төленуін қамтамасыз ету. Бүгінгі күні «Шайық» шаруа қожалығы палата мамандарымен бірлесіп жұмыс жасап келеді. Нәтижесінде, жылдан-жылға мал басы көбеюде.

Асылтұқымды қой өсіруші шаруашылықтарға мемлекет тарапынан қаржылай қолдау көрсетілуде. Мәселен, отардағы әр 25 саулыққа асылтұқымды 1 қосшар сатып алып, асылдандыру жұмысын жүргізсең, әр аналыққа 2500 теңгеден субсидия төленеді. Бұл субсидияны кәсіпкер алып отыр. Оның айтуынша, биылдан бастап енді әр саулыққа 3000 теңгеден төленеді. Оған қоса, жем-шөбіне де қаржылай қолдау болатынын жеткізді. Дегенмен, әрбір істің өз қиыншылығы бар деген шаруа біршама мәселелерді тізбектеді.

«Ең өзектісі – малшы табу. Ешкім қойшы болғысы келмейді. Тапқан күннің өзінде ұзақ тұрақтамайды. Ал жастар жұмысты қаладан іздейді. Сондай-ақ, жайылымдық жерлер де жыл өткен сайын тарылып барады. Малға келетін кесел де көбейген. Бұрын қаракөлдің терісі мен жүні бағалы еді. Бір қаракөлдің бағасы бір қойға тең келді. Бүгін оған сұраныс жоқ. Асылтұқымды қаракөлдің терісі мен жүнін тастағанды қын-жыламыз» дейді қожалық иесі.

Шын мәнінде мал шаруашылығының түйткілді мәселесі көп. Бұл ретте ғалымдар, мамандар нендей пікір-пайым білдіре алар екен?

АГРОБИОЛОГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ

Ауыл шаруашылығы – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әлемдік деңгейдегі бірден-бір әлеуметтік-экономикалық маңызы зор сала әрі тұрақтылық кепілі. Табиғи-биоклиматтық мол қорға ие еліміздің және аймақтың бүгінгі күрделі кезеңде халықаралық азық-түлік нарығында ірі ойыншыға айналуы бек мүмкін.

Ендігі кезекте мемлекет, ғылым, білім, өндіріс, қаржылық институттардың осы саланың бәсін барынша жоғарылатуға атсалысуы қажет екені өзінен-өзі түсінікті. Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформалардың мақсаты – бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды қамтамасыз ету десек, «Бәрін де қалпыр шешеді» деген тұжырым аграрлық сала үшін де өміршен. Көзделген жеке үдесінен шығуда жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасы ең маңызды рөл атқарады.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіндегі агробиологиялық орталық – университет қалашығы жобасының жемісі. Біздің аймақта аяқсу мәселесі қашан да өзекті болғандықтан, бастапқы кезеңде өндірісті жанаушы азаматтардың қолдауымен орталық аумағына екі ұңғыма (скважина) орнатылды. Әлі күнге бірден-бір суландыру көзі – солар. Орталық құрамына агробиологиялық уәсаске мен жылжымай шаруашылығы кіреді. Канадалық әріптестердің қолдауымен салынған жылжымай шаруашылығында осы кезге дейін халықаралық қаржы институттарының, түрлі деңгейдегі бюджеттердің қаржы-ландыруымен бірнеше ғылыми жоба орындалды. Бұған қоса, студенттер асханасын экологиялық таза көкөністермен де қамтамасыз етіп келеді.

Агробиологиялық уәсаске әртүрлі ағаш көшеттері отырғызылып, олар бой түзегесін бұл жер маңайындағы үйлердің тұрғындары серуендейтін орынға айналды. Сонымен қатар, білім алушылардың кәсіптік практикалары өткізіліп, магистранттар мен докторанттар зерттеулерінің қажеттілігіне қарай сынақ-тәжірибелік алаңдары ретінде пайдаланылып отырады. Алайда, уақыт өте келе, өсіп тұрған ағаштар тоза бастады. Септернен келсек, басқаларын айтпағанда, ең алдымен, химиялық құрамы қолайсыз жерасты суының жақын орналасуынан топырақтың екінші қайтара тұздануы және өзеннен келетін химиялық микроэлементтерге бай аяқсудың болмауынан топырақ құнарлының төмендеуі дер едік. Өз кезегінде тәжірибелік таңапаттарды экологиялық сауықтыру қажеттігі жыл өткен сайын өткірілене түсті. Тиісті агротехникалық шараларды атқаруда қаржы тапшылығы

қол байлап келгенін несін жасырамыз?!

Биыл университет ректоры Б.Каримованың бастамасымен орталықты әлемдік, отандық тәжірибелерге сай инновациялық-технологиялық, оқу-тәжірибелік кешенге айналдыру жұмыстары қолға алынды. Жаңа мазмұндағы даму бағдарламасының басым бағыттарына тоқталсақ, біріншіден, білім алушылардың теориялық білімдерін оқу, зерттеу, ғылыми тәжірибелерді жүргізу арқылы бекіту. Екіншіден, білім бағдарламаларын ғылымиландырылған білім беру тұжырымдамасына сүйеніп жүргізу, яғни, университеттегі заманауи зертханалармен бірлесе болашақ мамандардың кәсіби дайындығын өндіріс сұранысына барынша бейімдеу, шаруашылықтарға жер-су ресурстарын пайдалану бойынша қызмет көрсету мен кесек беру. Осынау қадам жоғары білім сапасына деген сенімділікті қалыптастыруға қызмет етеді.

Үшіншіден, аймақтың қатал табиғи-климаттық, топырақ жағдайына бейімделген топырақ құнарлылығын арттыратын, өсімдіктердің өнімділігін көтеретін және ресурспендеуші технологияларды әзірлеу. Ауыл шаруашылығы дақылдарының (бидай, арпа, күріш, жүгері, мақсары, түйежоңышқа, т.б.) жаңа сорттарын шығару және олардың оригиналды тұқымдарын өндіру; дақылдардың суару режимін зерттеу, суды бөлу мен басқаруды автоматтандыру, тамшылатып және жаппайлау суару әдістерін жетілдіру маңызды. Өндіріс орындары мен үй-жай шаруашылығының ағынды лас суларын мелиорацияда пайдалану мүмкіндіктерін зерделеу, органикалық өгіншілікті, дәлдік технология элементтерін зерттеу, жылжымай жағдайында және ашық топырақта көкөніс-бақша дақылдарын өсіру барысында аймақтың биоклиматтық әлеуетін тиімді пайдалану, жаңа ағаш түрлерін жерсіндіру арқылы дендропарк үлгісін жасау, т.б. ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізу.

Төртіншіден, Сырдариядан бастау алатын «Жібек жолы» каналынан аяқсу алу шараларын жүзеге асыру. Өйткені, бүкіл Орталық Азияның егін шаруашылығын нәрі – өзендер суы.

Бесіншіден, қазіргі заманғы автоматтандырылған метеостанса қою арқылы жаһандық жағдайдағы өңірдің

климат параметрлерінің өзгеру динамикасын ұзақмерзімді бақылау. Соның нәтижесінде қоршаған ортаның өзгерістеріне негіздемелер, болжамдар жасау әрі аймақтың экологиялық жағдайын жақсарту жолдарын кешенді зерттеу.

Алтыншыдан, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін шаруашылықтарда тираждау арқылы қосымша табыс табу және оқытушы-профессорлар, студенттер, магистранттар мен докторанттардың ғылыми еңбектерін (монографиялар, жоғары импакт-факторлы басылмалардағы макалалар, курстық және біліктілік жұмыстары, оқу және әдістемелік құралдар) жариялау. Мұның барлығы – университет рейтингісін көтеретін көрсеткіштер.

Жетіншіден, орталық периметрін абааттандырудың кешенді шараларын қолға алу. Болашақта жарық шамдары орнатылып, демалатын орындықтар мен субұрқақтар қойылып, ғылым-білімнің тұңғығынан сусындаған жастар мен манайдағы тұрғындардың экологиясы жайлы, ауасы таза жерде серуендеп, дене шынықтырумен айналысуына және салауатты өмір салтына ұстануына мүмкіндік тумақ.

Қазіргі күні әлемді жайлаған індет қоғамның құндылықтар жүйесін өзгертті. Бірінші кезекке азық-түлік проблемасы, оның ішінде адамзат үшін ең маңызды деген тамақ өнімдерінің қолжетімділігі шығып отыр. Нақты объективті ақиқат сол – бұлардың барлығы ауыл шаруашылығы өндірісіне тиесілі. Сондықтан, біз әңгіме-елестер ағартарлық ғылым мен білім орталығының азық-түлік өнімдерінің технологиясын, агрономия, су ресурстары және суды пайдалану, жерді мелиорациялау, баптау және қорғау, жерге орналастыру, кадастр, органикалық заттардың химиялық технологиясы білім беру бағдарламалары бойынша озық білім мен технологияларды игерген кадрлар даярлау ісіне қомақты олжа салатынына сенімдіміз.

Жалпы, мамандықты дұрыс таңдау – табысты өмірдің кілті. Жалаң теорияны оқып, практикалық сабақтарды виртуалды өткен аграрлық сала студентінен білікті маман шыға қоюы неғайбыл. Қалай алып қарасақ та көзбен көріп, қолмен ұстаған білім ғана сіңімді. Ендеше, агробиологиялық орталықтың атқаратын ролі өте маңызды демекпіз.

Серікбай ӨМІРЗАКОВ,
ҚР АШҒА академигі,
техника ғылымдарының докторы,
Қали ОМАРОВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
«Экология және ауыл шаруашылығы проблемалары» ҒЗИ директоры.



Мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері, Ұлы Отан соғысының ардагері Исатай Әбдікәрімов ел-халық ерекше құрмет тұтқан адам. Бірнеше ауданды, облысты басқарып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы қызметін атқарған бұл тұлғаның феномені том-том кітаптың мазмұнын құрар еді. Оның тағдыры күрделі, өмірі өнегелі, ал, есімі аңыз боп қалған. Біз де өз білгендерімізді бір деммен айтып өтпекпіз.

Сб Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы».

Шығыршының балалары

Ашаршылық кезінде «Өзгенттің» жұрты да өлместің күнін кешті. Әбдікәрім әкей шығыршы еді. Күннің атысы мен батысы судың басында жүреді. Әңгіме-сөзбен шаруасы жоқ, саясат дегеніңнен мүлде құралақан. Айнала адамдар бір-бірін аңдып, бәле іздеген кез. Белсенділер белден басып, асырасілтеушілер аша тұяқты сыпырып жатыр. Аңқылдаған қазақы көңіл бір адамда қалған болса, осы Әбдікәрімде қалған.

Бір күні үйіне өзі жақсы көретін бір жамағайыны келе қалды. Ескілік жолдан же-ғылғысы келмеген шал жалғыз қозысын сойып, ауыл кісілерімен қосып тамақ берді. Ертеңіне екі-үш ер адам суыт келіп, шалды алып кетті. «Қал-меннің Әбдікәрімі колхоздың малын талан-таражға салып, өткен-кеткенге сойып беріп жатыр» деп асын ішкен адамдардың бірі төсегін тіліпті, бәтшағар. Мұқтасарды білетін бұл кісінің бір кезде бала оқытқаны бар еді. Сонымен түрмеге қамап үш ай тергеді. Ақыры, «кенес үкіметіне зияны жоқтығы» анықталды. Сонда шалдың үйге келіп айтқан сөзі: «Үкімет әділ ғой, ақ-қара-сын ашпай жібермейді» депті. Осыдан кейін қазақы көңіл бір адамда қалған болса, осы кісіде қалды дегенді қалай айтпайсың?!

Әбдікәрім әке мен Зәуре ананың үлкені Жапбар, онан кейінгі екі қыз Назым мен Зейнеп тұрмысқа шыққан. 1930 жылы үйдің кіші баласы Исатайды ағасы Жаңақорғандағы интернатқа оқуға берді. Шенгелдің қоңырауын қағып, диірмен айналдырып талқан қылған тұрмыстың ауыр күндері бастан өтті. Интернаттың талғажауы – қара шай мен атала көжесі. Тері шалбар, жамау шекпен, құрау-құрау құлақшын, желге қамсау демесен, жетікпен киім емес. Бала Исатай осы тірліктің ішінде. Сол бір аты жаман ашаршылық кезеңінде Қалмен атаның екі ұлы, бір қызы, он немересі құрбан болды.

Жапбар Жаңақорғанда соттың хатшысы еді, бір кезде

молданың баласы, кожа деп қудаланды. Содан ақталып шығып, аудан тергеушісі болып Шәуілдірге жұмыс ауыстырғанда әкесінің қайтыс болған інісі Үсеннің баласы Мизам мен Исатайды өзімен бірге ала кетті. Сол жерде мектеп бітірген Исатай Шымкент техникумына түсті. Алайда, ұмытып бара жатқандай болған қудалау қайтып соқты. 1938 жылдың қысында Жапбарды «үш әріптің» адамдары ұстап, түрмеге жапты. Сол кеткеннен мол кетті. Сөйтіп, он төрт құрсақ көтерген Зәуре ананың бір ұл, бір қызы – Назым мен Исатай ғана қалды.

Исатай ержетті, білім алды. Техникумды бітірген соң мың адам кетпендеп қазған Мырзашөл каналының қауырт жұмысына араласты. Біраз кара жұмыста шыңдалған талапты жас Алматының ауылшаруашылық институтына келіп түсті. Бірақ, оқуы ұзаққа бармады, елдегі ыстық тіршіліктің бойына мұздай су күйғандай соғыс деген сұрапыл басталып кетті. Сымдай тартылған азаматтармен бірге ағасының баласы Мизам екеуі майданға аттанды.

Шығырға да шама керек, бұл кезде қажыры ортайған Әбдікәрім шал ауылдан қиян шет колхоздың малын бағып жалғыз үй отырған.

«Қара қағаз», ақ тілеу

Жауынгер Исатай 1942-нің жазында Мәскеу, Калуга, Тула бағытындағы ұрысқа келіп кірді. Қырық рудан құралған жасақта кіл өрімдей жастар. Снаряд ысқырып бір жауғанда жаңағылардың жартысы жаһанамға аттанып кете барады. Оқта таныс жоқ, қарасы ілінгенді қиып түседі. Ажалмен бетпе-бет келіп, от-жалынға оранып бара жатқан сол боздақтардың жай-күйін айтуға ыстық көмейімен суырған сөздің шамасы жетпейді.

Исатайдың ротасы Жиздра өзенінің арғы бетіндегі жауды талқандау тапсырмасы бойынша таңғы сағат бестен бастап өткел салуға кірісті. Таңқараңғысында тасырлаған жау оғы қаншама солдатты жусатып салды. Жан берісіп жүріп ақыры



арғы бетке аяқартты. Исатайдың оң жағы да, сол жағы да солқ-солқ құлап жатыр. Қашан оқ тиеді деп қорқатын түйсік жоқ, тек алға ұмтылу ғана бар. Бір кезде өзі де естен тана құлап түскен. Ұрыс саябырсығанда сапты түгендегендер оны санитарлардың көтеріп әкеткенің білмей, айқасып жатқан өліктердің ішінде болар деп ойлап, ауылға қарай «қара қағазды» аттандырып жіберді. Соғыстағы есеп жүргізудің заңы солай.

«Қара қағаз» колхозға келіп жетті. Алдымен колхоз басқармасы Оспаннның қолына тиді. Ол кезде «баскарма бастығы» демеиді, «баскарма» дейді. Осекеңнің өзі бұл кісілерге ағайын еді. Сондықтан басқарманың қиянда отырған шалға жаманат хабарды естіртуге дәті жетпеді. «Бәлкім жаңылыс шығар, ондай да оқиға болған» деп жүргенде «қара қағаз» екінші мәрте келді. Осекең енді сасайын деді. Қызыл әскердің хабарын уақытында жеткізбеген деп ертең біреу өзін жазғырмаса қайтсін. Сонымен, қасына ауылдың бес-алты үкенін ертіп, шалдың мекенін бетке алды. Соңадайдан келе жатқан адамдарды үйдің түрлі іргесінен көрген шал оларға айқай салды: «Кетіндер әрі! Не айтқыларың бар? Балам өлген жоқ, ол тірі, тірі келеді!» Бұл сөзді естіген топ «Құдайлық іс қой» дегенді дауыстарын шығарып айта алмай, ілібіп кері бұрылды.

Шалдың шалт кететін себебі бар екен. Бір күн бұрын түс көріпті. Түсінде акбоз үй тігіп, қымыз ішіп отыр екен. «Акбоз үй баламның шаңырағы ғой,

қымыз несібем ғой» деп сонда шал өз түсін өзі жорыпты.

Қайран, әке десейші! Ақ тілеуін Алла беріп, Әбдікәрім шалдың айтқаны айнымай келді.

Жұлдыз боп қалды жарқырап

Соғыстан аман-сау оралған жас Исатай келе Жаңақорған аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы болды. Ол соғыста жүргенде де батальонның партком хатшысы болған. Саяси сауатты әрі омырауында орден-медаль жарқыраған жеңіс жауынгері қандай жұмысқа да қайраулы. Сол жерде жүріп, ауаткомда хатшы болып істейтін Мағұлсіммен танысып, тілек қосты.

Исатай ағаның партия сапындағы қадамы осылай басталды. Әрі еңбексүйгіш, әрі ізденгіш жасқа көрген адамның көзі тойды. 1948 жылы Қармақшы аудандық комсомол комитетіне 1-хатшы болып барды. Бір жылдан соң облыстық партия комитетіне нұсқаушы болып оралды. 1952 жылы облыстық комсомол комитетінің 1-хатшысы болды. Кең жерде тар пейілге таңылған бағы арызқойлар мұны көрмей қалмады. Сондағы арызы мынау: «Әкесі – молда, ағасы – халық жауы, өзі – кожа». Бірі қата, бірі бата тиген заман, сол арызбен біраз уақыт жұмыстан шеттеп те жүрді. Алайда, соғыстың ажалы алмаған қайсар кеудені арызқойдың қаламы кері итере алмады. 1954 жылы Мәскеудің жоғарғы партия мектебінде оқып келіп, «Бәй-

геқұм» МТС-ның аймақтық хатшысы болды. Ал, 1957 жылы Шиелі ауданы партия комитетінің 1-хатшысы болып бекіді.

Осы бір жастық өмірінде Ыбырай Жақаев, Ұлбала Алтайбаева, Хан Леонтий секілді Алтын жұлдызды алыптармен бірге еңбек етті. Өзі өнерді сүйші еді. Қонысбек Қазантаев секілді өз ісіне берілген берен тұлғаны бір жағына алып жүріп, Шиеліге мәдениет үйін салдырды. Сол кездерде облыс басқарған Сужиков, Ықанов, Бектұрғанов секілді елдің де, ердің де бағасын білетін азаматтармен қойын-қолтық қызмет етті.

1962 жылы Қармақшы аудандық колхоз-совхоз басқармасының партком хатшылығына, 1965 жылы Жалағаш ауданы партия комитетінің 1-хатшысы қызметіне тағайындалды. Бұл кісінің азаматтық болмысының, басқарушылық қабілетінің шарықтау кезеңі Жалағаш еді десек, жарасар. Мәрілі Шәменов, Несіпбай Әпірезов, Алдаберген Бисенов, Цай Ден Хак, Ұзақ Еспанов, Камал Бердәулетов, Сәлима Жұмабекова секілді атақты тұлғалардың топырағында Исатай Әбдікәрімовтің де еңбегі жанды, есімі құрметтелді.

Көлікке көтеріле еріп қою шаңы көз аштырмайтын жолдар асфальтталды. Аудан орталығынан ақшаңқан тұрғын үйлермен бірге әсем мәдениет үйі, еңселі қонақүй салынды. Сегізінші бесжылдықта шаруашылықтарда комплексті механикаландырылған звенолар құру, экономиканы біліп басқару ісіне бағыттау секілді тәсілдермен жұмыс істеген аудан басқалардың алдына шықты. 510 мың центнер ақ маржан жинаған Жалағаштың өнімі бес жыл мерзімде екі жарым есе көтерілді.

Аудан жетекшілігіндегі осындай жетістіктері үшін 1971 жылы наурыз-сәуір айында Мәскеуде өткен СОКП-ның XXIV съезінде Исатай Әбдікәрімовке 5 мың делегаттың алдында Кеңес одағының ең жоғарғы марапаты Социалистік Еңбек Ері атағы табысталды.

1972 жылы оның басшылықтағы біліктілігі, еңбектегі тамаша бастамашылықтары есепке алынып, Қызылорда облысы партия комитетінің 1-хатшысы болып бекітілді.

Облыста өндіріс орындарын ашуға көмек алу үшін Бас хатшы Брежневтің алдына кіруі, «Құмқол», «Шалқия» кеніштерінің игілігі, Қызылорда қаласындағы тоқылмайтын маталар фабрикасының іске қосылуы, музыкалық училищенің ашылуы, Тасбөгеттегі мәдениет үйінің салынуы – обкомның 1-хатшысы кезіндегі Исатай Әбдікәрімовтің төл қолтанбасы. Әрине, бұл халық үшін жасалған ауқымды жұмыстардың бәрі емес. Оның бәрін тізімдеуге гезет беті тарлық қылады.

Осындай тау тұлға республика деңгейіндегі басшылыққа да қажет еді, сөйтіп, 1978 жылы желтоқсан айында ол Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы болды.

Ел мен ердің болмысы егіз

Исекеңнің ел аузында қалған есімі оның қарапайым халыққа жасаған жақсылығымен көбірек айтылатынына күміз. Қарапайым жұрт алған орден-медалдарыңды санап отырмайды екен, олар қашанда азаматты ер болмысымен, адами биіктігімен бағалайды.

Біз мұны ел аузынан да естіп жүрміз, тұлға жайында жазылған бірнеше кітапты оқығанда да соған көзіміз жетті.

Ағамыздың Шиелі ауданында жүрген кезі болса керек. Айдарлы жақта жұмысы болып, алашаң жолмен асығып келе жатса, жол жиегінде ерсілік-қарсылы кезген біреулерді көреді. Үлкен бастықтың машинасы екенін біліп, олар тіпті қол көтермепті де.

– Токтайықшы, – депті ағамыз, – мыналардың түрі келісіп тұрған жоқ.

Токтаса, әлгілер үндемейді дейді. Сөйтсе, үйде бір келіншек үш сағаттан бері толғатып қиналып жатыр екен. Исаған соны естіп, оларға ұрсып беріпті.

– Бастық атаулыдан жүректерің шайлығып, жақсылық дәмәтуді қойғансыңдар ма, жөк өздеріңнің жандарың қиналмағасын бәрібір ме?!

Сонымен, Исаған қасындағы қызметкерін көліктен түсіріп тастап, келіншек пен сол үйдің адамын алып, Айдарлыға тартады. Кешіккенде жағдай қиын болатындай, әйтеуір аман-есен інгөлап ұл бала дүниеге келеді. Сол жерде бір үлкен кісі:

– Осы баланың атын өзін қойып кет, – деп өтініш айтады.

– Жаңа туған бала ғой, атын бар болсын деп қоя салуға да болар еді. Бірақ, адамға бар болу аз екен, ер болу керек екен. Бұл баланың атын Ерболсын қояйық, – депті сонда Исаған.

Сол бала өзін әлі күнге «Исатайдың баласымын» дейді екен.

Бір күні обком хатшысының алдына бір кемпір кіреді.

– Шырағым, мені шырамытқан шығарсың, Жалағаштың кемпірімін, – деп кейуана өзінің бір қызы бар екенін осы қалада пәтер жалдаудан әбден мезі болып, ақырында күйеубаламен ажырасып жүргенін айтады.

– Ертен қызыңызды осында ертіп келіңіз, – деп Исаған кемпірді шығарып салады да, күйеубаланың жұмыс орнын сұрап біліп, оны да шақырады. Сосын қалалық кеңеске телефон шалып, жағдайды білдіреді. Сәті түскенде бір мекеменің бос тұрған үйі бар екен.

Ертеңіне қыз да, күйеубала да жетеді. Иә, ол кезде ажырасқан бейморальдық жолға түскендер деп есептелетін.

Бірақ, онсыз да жадап-жүдеп жүрген жанға 1-хатшы ештеңе демей, «Мынау сендердің үйлерің» деп, 3 бөлмелі пәтердің кілтің береді. Исағанның өстіп кітап ашып, заң қарап, қағаздастырып жатпай-ақ талай адамға жақсылығы өтті дейді ел іші.

Мұндай мысалдар көп. Біздің мысалымыз – ел мен ер қай кезде де бітеқайнасып, бір-бірінен қуат алып, бір-бірін іздейтін егіз жандардай болады дегенді айту еді.

БӘРІ ЕСІМДЕ

«Қайырбек аға! Айып етпеңіз, сізге арнайы хат жазуға тура келді. Мен әкеден жас қалдым. Әкем ізін басар бір еркек кіндікті армандады. Менің атымды ырым етіп атам Ұлдана қойса керек. Колхозда бригадир, одан соң колхоз төрағасы болғанын білесіз. Елді еңбекке шақырып, сол кездегі Тәлісін атындағы колхозды биікке көтерген, жеңісті жақындатуға көп күш жұмсаған еді. Әкем Қайназар Темірбаев сұрапыл соғыс кезінде колхозды басқарып, елдің қиындықтан шығуына еңбек сіңіргені ақиқат. Оның еңбегі ескерілмей ұмыт қалуға айналды. Ауылдан бір көшеге есімі берілсе деймін. Әкем жайында әңгіме айтар көзкөргендер азайды. Сіз отырған жерде әкем туралы жиі әңгіме қозғайсыз. Сол сәтте көзіме жас талай төгілді. Сол бір әңгімеңіздің тиегін тағы бір ағытсаңыз. Бар өтінішім – осы» деп хат жолдапты.

Ұлданың хатын алып, өткеннің естеліктерің тағы бір еске түсірдік. Рас, ол кісінің көзін көрдім, қолына су құйдым. Атасы Темірбай, әжесі Айымқұл, анасы Балапанмен іргелес, коньстас отырдық. Ауыл аралас, қой қоралас болды. Ата-аналарымыз сырлас еді.

Біздің ауыл о кезде Сталин атындағы колхоз деп аталатын. Колхозды соғыс кезінде қала іргесіндегі Абай ауылының тумасы Әукен Байжанов басқарды. Кейін ол кісі қызмет ауыстырып, туған ауылына қоныс аударды.

Әлі есімде, 1942 жылдың қыр-

қүйек айында ауыл тұсындағы «Аманәжі» деген жерге 23 үй көшіп келді. Байқаймыз, олар Жезказған жатқан қоныс аударған. Келген бойда ескі қыстауларды жөндеп, топтары жазбай жайғаса бастады. Орталарында көш бастап келген Беген, Шортанбай, Көшекбай, Көкімжан, Әкімжандар болды. Ауылға келе олар шаруашылыққа араласып, егін екті, мал өсірді. Хамитбек аға мектепке мұғалім, Рақымбек есепші болды. Ал Қайназар бірден колхоздың бір бригадасына жетекшілік жасап, жұмысты әдегеннен дөңгелентіп әкетті. Алғашқы жылы бригада ауылдан 40 шақырым жердегі



«Қырық жігіт» деген жерге 20 гектар бидай егіп, сол жылы өнім мөлайып, ауылдың аузы аққа тиді. Тары, жүгері егуге бетбұрыс басталды. Бригадир Қайназардың даңқы асқақтап, «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталды. Бас қолбасшыдан марапат, алғыс хаттар алды. Көшпелі ту бригада қырманында желбіреді.

Бригадирлікті үш жыл атқарған Қайназар Темірбаев колхоз төрағасына ұсынылды. Сонымен, Сталин атындағы колхозды ұзақ жыл басқарды. Қой саны 13 мыңға, ірі қара үш мыңға, егіс көлемі 400 гектарға ұлғайды. Жәркен Ысмайханов, Нұрбай Рзаевтардың мал басын өсірудегі еңбектері насихаттала бастады. Астықты арбамен тасыған Әдікен, Шәріпбай, колхоз ұсталары Әбді, Қожағұл, Тілеу, Жағыпар еңбектің тамаша үлгісін көрсетті. Бұлардың еңбегін Қайназар аға жоғары бағалап, көпке үлгі етумен болды.

Колхоз төрағасы «Сарысуға» қой көшіру кезінде өзі бас болып, шопандармен қойын-қолтық бірге жүрді. Жағдайларын жасады.

Бірде қатты жауын болып, шопандар жайылымға жете алмай жолда тұрақтап, апталап жатып қалды. Қайназар аға суық тиіп, сырқаттанды. Сол сырқаттан айықпады, ұйқысыздыққа тап болды. Емші-дәрігерлердің есігін тоздырды. Ақыры дауасыз дерт жеңді. Колхозды ұзақ жыл басқарған Қайназар аға бар-жоғы 54 жасында бақи дүниеге аттанғаны есімде. Бүкіл ауыл аяғынан тік тұрып, мәңгілік сапарға аттандығаны, сол бір сәтте Сражаддин, Әжамаңбет, Бәлке, Қи-

лыбай, Хамитбек, Рақымбек ағалар егіле сөз сөйлеген еді.

Қайназар аға дүниеден өткен соң колхоз тізгінін Нұрыш Жұдабаев ұстады. Ауылдың тынысы кеңейді. Кейін ағалар салған жолды Ибрагим, Нартай, Жұмабайлар одан әрі биікке көтеріп, миллион пұт астық өндіретін, іргелі Жамбыл кеңшарына айналды. Қазір «Қоғалы» атанды.

Елдің біртуар перзенті Қайназар Темірбаев есімін есте сақтау, ардагер азаматқа лайықты құрмет қажеті ақиқат. Қазіргі «Қоғалы» ауылының әкімдігі ұйыты болып, бір көшеге есімі беріліп жатса, қанекей! Енді осы үмітті күтейік, Ұлдана!

Сенің жазған хатыңа байланысты аз-кем сыр ағыттым. Аға жайында айтылар әңгіме алда. Бүгінгі әңгімеде көп жайлардың тиегі ағытылмай қалды. Неге? Өйткені, сенің әкең жайында, інісі Тамабек, сені тәрбиелеген зайыбы Зәуре жайында, апан Ақмарал жайында кейін тағы да сөз қозғармын, айналайын Ұлдана.

Ағанның бүгінгі бір үзік сырына, есімде қалған сәттерге риза болғайсың.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
ардагер-журналист.



Түтіні будақтап, жүйткіте өткен трактордың ізінен көтерілген шаң бірте-бірте сөйіліп келеді. Ақырындап басылуға беттеген сол қою шаңның арасынан ер адамның сұлбасы бозаңытып көріне бастады. Тұрпаты жас жігітке келетін сияқты. Трактордың дарылдаған дауысы алыстап кеткен. Шаң да бұл кезде толық басылған. Үсті-басын шаң көмген адамның кіріп-қасына дейін май топырақтың тозаңы аямай қонақтағаны көрініп тұр. Оны елен қылар пенденің ол емес. Осы сәт үйінің алдында ашыған көжеге салатын жүгеріні уатып, келі түйіп тұрған көрші Ғанидың қатыны Бекзаттың шаңқылдаған дауысы шықты. Үнемі ешіріп жүретін тракторист Бекболатты сыбап жатыр. Дәл бір қою шаңның астында өзі ғана қалғандай, бар білетін қарғысын жаудырып жіберді. Сосын трактордың дауысы алыстап, естілмей кеткен кезде Бекзаттың да сабыры қайта оралған болу керек, тыншыды. Тракторист Бекболаттың әдейі шаңға көміп ұйтықтып өтіп бара жатқанын да, келі түйіп тұрған әйелдің ащы дауысын да елең қылмаған қалпы, бозала шаңға малынған ертегінің батыры секілді манағы қапсағай тұрпатты жігіт жақындап келеді.

Бұл кезде Пахрадин қожа үй сыртындағы арыстан есік алдындағы бақшалыққа су апаратын тұрбаның тығынын ағытып, суды ашып жібергенді жатқан. Шаң арасынан шығып, өзіне қарай беттеп келе жатқан тірі аруақтың сықпытынан кім екенін ажырата алмай тұр. Ол жақындап келеді. Пахрадин қожа оның біреуді есіне салатын жүрісіне қарап, шырамытып, топшылады.

– Саумакем! – дегенде барып бұл пақырдың кін екенін таныды.

– Уәлейқұмассалам! Жүрелеп отырған Пахрадин қожа, бұл бір шаруамен келе жатыр ғой шамасы, деп түрегеліп, жөн сұрасуға бетін бұрып жатқан. Аяғын алшан басқан күйі Жәлек оның тұсынан өтіп кетті. Аялдамастан өте шыққан оған таңырқап, артынан қарап тұрды. Тұлғасы, жүрісі, бір қолын серпіп лақтырып жүретін әдегі әкесінен аумай қалыпты. Әкесі Пахрадин қожаның түйдәй құрдалы, Сапарбек деген соғыс ардагері еді. Соғысқа қатысқанын айтып, мектанған кезде масаттанып, бір ерекше пәндіғы ұстап қалатын.

Құрдасының осы баласы әкесінің қасынан қалмайтын. Соғыс көрген, сұсымен ауылдың бүкіл баласын бір шыбықпен айдайтын ұстаз өзінің осы ұлына келгенде жібіп, елжіреп қалатын. Бұл ұлына жақын жүрген балалар ардагер ұстаздың мейіріміне бөленбесе де, осының айналдасуда жүргеннің өзінен бір қорғаныш сезінетін. Сондықтан көрші-қоландың балалары да осы Жәлекпен бірге ойнап, бірге жүруге тырысатын. Ардагер ұстаздың қаһарынан қаймыққан балалар ауылдың сыртына шыққан кездерінде Жәлектің жанын шүберекке түйгізіп қоятын. Оған себеп те бар, ол – әкесін арқаланып, арасында бұларға тісін батыратын қылықтары еді. Дегенмен, ең қонал да. Сонысымен біліп, қорыққанынан ауыл сыртына шығуға да, әкесіне шағымдануға да қаймығатын. Мұнын орынсыз ережелігін тыйып жүрген осы ауылдың тентектері еді.

Бұрын осы баланың жүріс-тұрысы мығым, ісі ширақ, жөн білетін сияқты көргені.

Осындай ойдың жетегінде тұрған Пахрадин қожа ой тұңғығына бойлап, осы ауылдың мектебіне мұғалім болып келген жылы орын алған оқиғаны көз алдынан өткізді.

Ол кезде жас Пахрадин Қызылорда қаласындағы мұғалімдер даярлайтын педагогикалық институтты бітіріп, тарих пәнінің мұғалімі мамандығын алып, елге оралған. Соғыстан кейінгі «халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдары» аталған уақытта мектеп шәкірттеріне «білім» атты ғажайып дүниенің сырын ашуға жан-тәнімен кірісіп кеткен ол өз әулетінен шыққан алғашқы ұстаз болды. Әкесі Бейімбет қожа – Орынбет ишанның Балымбет, Арзымбет, Имам мағзұм, Исламнан кейінгі кенже баласы. Шыққан тегі – халықты имандылыққа ұйғытып, қалың кішкенеңің ішінде Асан аталығының пірі болған жоқпалар. Имам мағзұм көзі тірісінде діндарлығымен батырлығы, батылдығы қатар жүретін қайсар мінезді, тақуа жан болған.

Үш жүзге пір болған Мүсірәлі сопы Әзіздің Қосым атты баласынан тарайтын бұл әулет ұрпағының жүрегінде иманы, тілінде қалымасы бар, қолынан кітабы түспеген, әрдайым халықпен бірге, қиын-қыстау шақтарда белінен қылышты қынабын шешілмеген. Тәуке ханның тұсында мұқым қазаққа пір болып сайланған Мүсірәлі сопы Әзіз атамыз Түркістанға жүнер сапарының алдында жұртпен жанар, тілеулес ағайынға келелі кеңесін айтыпты. Ризалықпен қайыр-қош айтып тұрған сопы Әзізге:

– Бойындағы Алла берген қасиетіңмен жүректерге имандылықтың дәнегін енгізіп, бізге қалқан болып келген піріміз едіңіз! Қоныс аударып барасыз. Жұртта жетімсіреп біз қалдық. Орыныңызда кім пір болады бізге? – деген екен бір қария.

– Қосымына Қосымымды қалдырамын, – деп Мүсірәлі сопы Әзіз бабамыз орнына баласы Қосымды пір етіп, жариялап, батысын беріп кетті.

Қосым қожа бабамыздың тарихи тұлғасын деректермен сабақтастыра кетейік. Жаугершілік кезде Қосым қожаның төртқара Дәулетбақымен, жақайым Сартай батырмен дос болып, талай жорықты бірге өткізіп, ел шегіне келген жауға тізе қоса тойтарыс бергені тарихи шындық. Оған дәлел – үш достың мәңгілік мекендері қатар жатыр.

Хош, сонымен Пахрадин қожа

жас маман ретінде Арал теңізінің балық шаруашылығы (кеңшар) болған Қасқақұлан ауылдық мектебінде қызмет жолын бастайды. Балықшы ауылдың балаларын сауаттандыру ісімен қатар, өзі соғыстан кейінгі ел еңсесі көтеріле қоймаған жылдар арасында балықшыларға көмектесуге де уақыт тауып жүреді. Қасқақұланның ел-жұртымен сыйласып, балықшылармен де, оқушылармен де бір тұғандай бауыр басып кеткен. Алланың қалауымен, әкесінің баталасқан жерінен келіншек алып, осы ауылда тағы бір-екі жыл жұмыс істейді. Сол аралықта Қасқақұландығы жетіжылдық мектеп жабылатын болып, Пахрадин қожаға өзі туып-өскен Мақпал болысының орнына құрылған Бозкөл

Бюллетень

колхозының мектебіне ауысудың сәті түседі. Бұл қазіргі Қазалы ауданындағы Ұрмаш Түктібаев ауылы болатын.

Сауатты, іскер маман ретінде әрі балықшы ауылдағы жиған тәжірибесі бар, өз ауылында да білес сыбанып, балалардың оқуға, білімге деген ын-тасын арттыруға кіріседі. Сабақты шебер өткізетін, оқушыларды баурап алған Орынбет ишанның баласына ата-аналардың да ықыласы ауады.

Бұл кезең – соғыстан кейін елдің тұрмысы түзеле қоймаған, халықтың жүдеу кезі. Мемлекеттік құрылымдар да қайта жасакталып, жаңа заман жаңа талаптар екіліп жатқан уақыт. Бұл өлкеде де егіс алқаптарын дайындау, егінге су жеткізу үшін арық қазу жұмыстары қарқын алған. Жұмысшы еңбеккерлердің құқықтарына назар аударылып, халықтың қоғамдық-саяси сауатын көтеру сияқты бастамалардың іс жүзінде қолға алынып жатқан тұсы.

Сол жылы СССР Жоғарғы Кеңесінің 4-шакырылымына өңірлерден депутат сайлау науқаны өтетін болып, жер-жерде дайындық жүргізіле бастайды. Бұрын-соңды сайлау өткізу тәжірибесі жоқ ауылда бұл істі ұйымдастырудың жауапкершілігі сауатты деген мамандардың ішінен Пахрадин Бейімбетұлына артылады.

Ақыл-кеңес сұрайтын адам бұл манайға жақын ауылдарда да жоқ. Жауапты кезеңді абыроймен өткізуді нысана етіп, аудан орталығындағы осы істе тәжірибесі бар азаматтармен танысып, олардан білмегенін сұрап, тірыз нәрсе үйренеді. Бұл науқанның маңыздылығын алдымен өзі жете түсініп, зерделеп, сосын білгенін өзінің аяулыдастарына түсіндірумен болды.

Аудан орталығына барып-келуі жиілеп, үкімет ісіне араласа бастаған өзі жас, өзі жаңадан келген мұғалімнің белсенділігі, тап-тұйнақтай іс-әрекеті ауыл мектебіндегі басқа мұғалімдерге ұнай қоймады. Іштерін қызғаныштың қызыл иті тырнағандар сыпысып-сыпысың әңгімеге тамызық қойып, ауыл арасындағы өрбіген өсекті жоғары жаққа да жеткізе бастаған. «Партия орнамай тұрғанда халыққа діл таратқан қожа-молданың ұрпағы қудалаудан аман қалғанымен қоймай, жаңа заманға бейімделіп, мемлекетке қарсы астыртын әрекеттер жүргізіп жүр» деген арандатушылық сынайдағы әңгімелер толастамай қойды.

Үкімет пен партия тапсырмасына қанша адалдық танытқанымен, шала бықсыған өсек қыр ізінен қалмай қойды. Соған қарамастан, мемлекеттік маңызды бар тапсырмаларды мінсіз орындап, өзінің негізгі қызметімен қатар түрлі қоғамдық-саяси мәселе-лермен айналысуға да уақыт тауып, үлгеріп жүрген жаңадан келген ұстаздың алғырлығы мен зеректігіне ауылдағы, аудандағы басшылар сенім-мен қарап, сырттай бақылап жүреді. Күдік туғызатын дәнеке байқалмайды. Ауыл арасындағы өсек-аяң қамысқа тиген оттай лап етіп барып, басылады. Оған іштері күйген қорғалмастар дәл жауапты сәтте сүріндіру үшін жаңа жоспар құра бастайды.

...Көктемгі дала жұмыстарымен қатар келген сайлауға дайындық пысықталып, сайлау бюллетендері ауылдарға, ондағы тұрғындар санына сәйкес таратылды. Әкелінген бюллетендер саналып, бекітілген бумасымен сайлау учаскесі орналасқан кенеседегі темір жәшікке салынды. Сайлау өтуге бір күн қалғанда Пахрадиннің жүрегі дебалжып, бір жамандықты сезгендей көбелірі қашты. Маңызды шаруаға жауапты болғасын ертеңгі сайлау өтетін орынды сырт көзбен тағы бір шолып, дайындық жұмыстарын пысықтап, кеш түсе үйіне қайтты. Үйге барып шай ішіп, тынығып, ерте тұрып келейін деген ішкі есебі де бар. Кешкі асын ішкеннен кейін де көңілі алаңдап, тыншымай қойды. Бойында бабаларынан жалғасып келе жатқан, жұртшылықты имандылық жолына ұйытатын қасиеті болса да, заманына қарай тиесілі қызметін алып жүрген қожаның ұрпағы Аллаға сыйынып, адамға зәбір көрсетпейтін. Ата-бабаларының қамшысы тиді ме, алаңдаған көңілі байыз таппағасын қайта киініп алып, мектепте орналасқан сайлау учаскесіне келеді. Ауыл халқының асарлатуымен салынған шағын тоқал тамның кіреберісіндегі желқағар қос пен соның маңдайына қадалған қызыл ту ғана білім ордасын өзге тәпене үйлерден ерекшелеп тұратын. Мектептің есігі екі қарыс арқанның үзігімен байланыпты. Бағана кетерде өзі жауып, байлап кеткен. Байлауы өзгерген сияқты. Соған көзі түскен бойда күдігі ұлғайып, есікті сермей ашып, сайлау өткізуге арнайы дайындалған бөлмеге жылдамдата басып кірді. Білте шамды жағу түгілі оны

іздеу де қаперіне кірген жоқ. Бөлмеге кіргенде бірден аңғарғаны, айдың жарығы түскен терезені көлегейлей қойылған темір жәшіктің есігі айқара ашық тұр. Сонда да үміті үзілмей жәшіктің ішіне дереу қолын салып, сипалап көрді. Қолға мөрден басқа еш нәрсе ілінбеді. Қолы қалтырап, аяғы дірілдеп сол жерде «не жаздым» күйге түсті. Әкелінген бюллетендердің қолды болғаны анық. Оны кім істегенін де іші сезіп тұр.

Ұсталмаған ұры емес. Қолға түспегеніс оларға кінә да арта алмайды. Темір жәшік ішінен қолын сыртқа шығарып, самайынан ағып иегіне жеткен терді сыпырып, қолын үстіне сурте салды да жандалбасалап далаға шықты.

Іші алай-түлей Пахрадин үйіне

қалмауын өтініп сұрады. Қалтасына салып шыққан 10 сомды ұстатып, келісімін алды. Ауданға қатынаған сайын әңгімелесіп жүзтаныс болып қалған.

Дариядан сал өткелмен атымен бірге өткізіп жіберген Павел жағалауда қалды. Әкесінің тұлыбын Көкаланың кеуде тұсына жауып дариядан өтіп алғасын, аттың тері мұздамай тұрып одан әрі шаба жөнелді.

Түн ауып кеткен кез. «Қарумен жүргінем әбестік болар, көрген көзге үрей туғызар» деп ойлады. Мылтығын бір жерге жасырып кетудің ретін таппады. Қараңғыда көзге көріне қоймас деген оймен ат тақымының астынан ерге таңып, байлап тастады. Сол бетпен аудандық атқару комитетінде

нұсқаушы болып қызмет атқаратын Мұстафаның үйіне тіке тартты. Мезгілсіз келгеніне кешірім сұрап, оған мән-жайды қысқа ғана баяндап шықты.

Қанша келіп жүргенде кісілігін емес, кішілігін көріп, шалғайдан келгендерге көмектесіп жүретін, ықыласы түзеу, иман жүзді осы Мұстафаға сүйсініп, онымен сыйласып жүрген.

– Қожеке, қарап көрейін. Саған жететіндей болса, аямайын, – деп түн ішінде жұмыс орнына барып, ондағы бюллетендердің қалғанын санады. Жеткілікті екен. Оны естігенде Пахрадиннің жүрегі алып ұшып, Аллаға мың сан шүкіршілігін айтып, дұғасын қайырды.

– Мен де бір кәдене жарармын, Мүске! Тан атқанша ауылға жетейін. Әуелі Алла, сосын Алданай ағам мен өзіңіздің арқаңызда кәззәптардың кесепатына ұшырамай, бір опаттан басымды арашалап алғандаймын. Мұнан кейін жауапты шаруаға араласпайын, – дегеніне, Мұстафа:

– Қожеке осы өмірдің өзі арпалыс емес пе? Меселің қайтпасын. Бұл жалғанда біріміз-бірімізге тілеулес, тілектес болып жүресіз болды. Жолынан қалма, – деп ақтарылды.

Аудан орталығынан қаланың сыртымен Қарлаңға, далалықпен төте салғысы келген. Бірақ бұған түнде жолдан қияс кетіп, шалшық-батпаққа ұрынып, Көкаланы шаршатып, терін қатырып алармын деген ойы тоқтап болды. Таңып байланған мылтығын шешіп, мойнынан асыра, арқасына батпайтындай, ыңғайлы етіп ығына іліп алды. Сөйтті де әуелі Сұлутамның шетіне шығып, одан әрі келген жолымен кері ауылға қарай шаба жөнелді.

Көкала Пахрадин қожаның ойын айтқызабай біліп, келген жолының ой-шұқырына дейін жаттап алғандай жетіп отырды. Әлі де сол екеу есінен шықпайды. Неге сонша қастық қылғандарын түсіне алмайды. «Анау-мынау емес, мемлекеттік маңызы бар іске кедергі келтіргендері қалай? Қастық қылса, менің өзіме жасамайды ма? Бұл ұрлықтың арты ашылыса, менімен бірге олар да абақтыға қамалады ғой» деп ойындағы бар сұрақты өзіне қойып, өзі жауабын таба алмай келеді. Олардың бұл әрекеттерінің түпкі себеп-салдарын шамаласа да, соншалық қатыгездіктерден ренжиді. Бағана келе жатқанда түнеріп тұрған аспан ашылып, ызғарлң беті қайтып, Көкаланың да шабысы әдепкіден жылдам сияқты көрінді. Бірақ бүгінгі санасына түскен салмақтың реніші мен қуанышы қатар болғасын, не үшін күйзелгені, не үшін кектеніп, не үшін қуанатынын да ұмытып кетеді арасында.

Енді бірде ызадан булығып сол екеуіне қолы жетсе, желкелерін үзіп, қиыларын мойындаытып, ел-жұрттың алдында масқара еткісі келеді. Мұстафаның көмегімен жаңадан алған бюллетендер есіне түскенде жалма-жан дорбасына қол салып жіберіп тексеріп көрген. Орында екен. Дорбаның аузын жауып, бауын мықтап байлады да, бір қолын дорбаны ұстаған күйі босатқан жоқ. Алқымына лықсып бір толқын келгендей, жылап жіберді, бұл қуаныштың көз жасы еді. Бұл жолы көңілі көрген азабынан арылып, Алланың құдіретімен шаруасының қиоласа кеткеніне қуанғаннан толқуы еді. Өзінің де, шауып келе жатқан аттың да көзін сүртіп қояды.

Бұрынғы уақытта жұрттың көбі Сырдың бойын қыстап, жаз жайлауға қырға немесе Қызылға кететін. Кенет қасқырдың ұлыған дауысы естілгендей болып, аттың басын іркіді. Алдыңғы жақтан шығатын сияқты. Арқасындағы мылтығына қолын созып, дүмбісін ысқылап-ысқылап жіберіп, оқшантайын тексеріп, он ығына асып алды. Тапталған қар мен аршылған жайылымның әр-әр жерінде қалған малдың жапасы жақын жерде қыстап отырған ауыл бар екенін аңғартады. Осы дария мен Жалпақтың арасында бұрын бірен-саран бақша салатындар болмаса, ел қыстамайтын. Өткенде теңіз беттен бір топ адам Жалғызтал жаққа келіп қоныстанып жатыр, Жалпақтың нұралық бетіне де қырдың алашалары көшіп келіпті дегенді естіген. Манағы қасқыр ұлыған тұсқа жақындағанда біресе ырылдап айбат шегіп, біресе қынсылап қашқандай дыбыс келді құлағына. Жақындап келіп қараса, әдейілеп құрған үлкен қақпанды қасқыр қауып қалған екен. Одан қаймығып екі шибөрі айналшықтап жүр. Аттылы жолаушыны көрген шибөрілер жылыстап, әрірек барып тұрды. Түн қараңғылығы ыдырай бастаған кез. Шибөрілердің жылтыраған көздері ғана көрінеді.

Ал қасқыр болса, қақпанды шын-жыры жеткен жерге дейін сүйретіп келіп, бұған қарсы қарап ырылдап тұр. Артық қимыл жоқ. Пахрадин қожа қақпандағы қасқырдан өз тағдырын көріп, көзіне көзі түсті. «Е, арпалысқан тіршілік, тұрағы жоқ» делі ішінен. Қасқырдың маңдайын қарауылға ілді. Қасқыр ырылдағанын қойып, тағдырына мойынсұнғандай үнсіз қалды. Бостандықта кездеспей, темір құрсауда жатқанда, күшiннің емес, қолындағы қарудың мықтылығын танытасың деп тұрғандай болды. Осы сәт есіне бағана ғана қастық қылған адам-шибөрілердің азары, жол азабын тартып келе жатқаны, темір жәшік, Алданай ағасы, Мұстафа түсті. Анау көздері жылтырап тұрған екі шибөрі ойындағы екеу сияқты елестеді. Мылтықты кішкене көтеріп, оң жаққа сәл бұрылды да жылтырап тұрған сол екі көздің ортасын көздеп, шүріппені басып қалды. Даланы жаңғыртып кеткен мылтық дауысы бұған қаймықпай қарап тұрған қасқырға әсер етпеді ме, қасқыр тіпті селт еткен де жоқ. Екінші шибөрі сол заматта жоқ болып кетті. Қасқырдың қайсарлығын білсе де, дәл осы күні тағдырласын қақпаннан емес, анталаған шибөріден құтқарып, өз жолымен әрі қарай кетті. Мұның да қайсарлығын мойындауса керек, қасқыр қақпан қысқан аяғын ауырсынған күйі шегініп отырды. Қақпанның иесі де көп ұзамай келіп қалар. Қақпан да, қасқыр да – сол кісінің несібесі.

Таң қылаң беріп қалғанда ауылға жетіп, бірден Алданай ағасының үйіне қарай тартты. Інісі жолға шыққаннан емес, анталаған шибөріден құтқарып, өз жолымен әрі қарай кетті. Мұның да қайсарлығын мойындауса керек, қасқыр қақпан қысқан аяғын ауырсынған күйі шегініп отырды. Қақпанның иесі де көп ұзамай келіп қалар. Қақпан да, қасқыр да – сол кісінің несібесі.

Таң қылаң беріп қалғанда ауылға жетіп, бірден Алданай ағасының үйіне қарай тартты. Інісі жолға шыққаннан емес, анталаған шибөріден құтқарып, өз жолымен әрі қарай кетті. Мұның да қайсарлығын мойындауса керек, қасқыр қақпан қысқан аяғын ауырсынған күйі шегініп отырды. Қақпанның иесі де көп ұзамай келіп қалар. Қақпан да, қасқыр да – сол кісінің несібесі.

Қораға жақындағанда аттан түсіп, жақындап келген ағасын құшақтауға шамасы әреш жеткен сияқты. Іегі кемсендеп, не бермеді. Сөйлеуге шамасы келмей тұрған інісін жігерлендіру үшін:

– Тәйт, тәйірі, қайдағы жаман әдетті бастап, – деп тыйып тастады. Сөйтті де Көкаланың жауырынын, сауырын сипалап, алдын ала дайындап қойған жабуын жауып, терін суытып, әрлі-берлі жүргізе бастады.

Пахрадин қожа қораның сыртындағы ақырда отырған күйі аз уақытта басынан өткен арпалысты көз алдынан өткізіп, бәрінің сәтімен болғанына көңілін бірілеп, бір сәт тоғайып отырды. Ұйқы қысып, маужырап кететін сияқты. Дорбасын қолына мықтап ұстаған күйі, бойын тіктеп, ағасына жақындады.

– Ағау, Алла қолдап, орталыққа барған шаруам реттелді. Уақыт таяп қалды, мен конторға барайын.

– Үйге кіріп, аяғыңды созып, демалып алмадың ба? Шай-суынды ішіп алып-ақ барарсың.

– Су ішсем болды. Уақыт тығыз. Алла сізге екі дүниенің қызығын нәсіп етсін, – деп үйіңе кірді. Үйдің кіреберісіндегі үлкен ағаш астаудың қақағының үстіндегі бақырашты алып, қақпактың бір шетін көтеріп жарты ожау су алды да, мұздайына қарамастан сіміріп салды.

Шөлдеп қалыпты. Бойы сергіп, шаршағаны басылғандай болды. Сыртта Көкаланың терін суытып жүрген Алданай ағасына кеттім дегендей ишарат білдіріп, сайлау учаскесі орналасқан мектепке қарай беттеді. Бағана өзі жаппай кеткен мектептің есігі ашық тұр. Есікті байлайтын арқанның екі қарыс бөлегі жерде жатыр екен. Оны көтеріп есіктің сыртқы тұтқасына бір шалып байлай салды. Ішке кірсе, несіз қалған темір жәшіктің есігі сол күйі ашық. Темір жәшікке бума бюллетенді салып, комиссия мүшелері келгенше мылтығын қолынан тастамай күзетіп отырды.

Сайлау уақыты басталардан бұрын көңіліндегі екі күдікті бірінші болып жымылдап кіріп келді. Ешқандай қиындық көрмегендей, ішкі күдігін сабырына жеңдіріп, оларды әдеттегідей қарсы алды. Беті домбығып, көзі қызарып тұрған Пахрадин қожаның сұсынан олар да секем алып, іштей қорқып қалған секілді. Комиссия мүшелері бюллетендерді қабылдап алып, дауыс беру басталған кезде ол екеу еңселері түсіп, сайлау үйіне қарай келе жатқан ауыл тұрғындарына қарсы жүріп, оқшау, ауылдың сырт жағына кетіп бара жатты.

Сол күнгі сайлау барлық заңдылығымен, шашау шықпастан өтті. Білім беру саласындағы еңбегі де жақсы нәтиже көрсетіп, шәкірттері білім озаттарының қатарын толықтырды. Сол бағыт екі мұғалімнің біреуі белгісіз аурудан қайтыс болса, екіншісі дарияға ағып кетті. Бір-екі жылдың ішінде налага ұшыраған екі мұғалімнің тағдыры да қасқырды торып жүрген екі шибөріге ұқсаған. Осы жылдан бастап Пахрадин қожа ұстаздығымен қатар мемлекеттік маңызы бар шараларды ұйымдастыру істеріне де жауапты етіп бекітіліп жүрді. Сайлау өткізу тәжірибесі басқаларға тәжірибе ретінде насихатталды. Көрші ауылдың мектебінде ширек ғасырға жуық директор болды.

Зейнет демалысына шыққаннан кейін осы оқиға туралы есіне түсіріп сұрағанымызда Пахрадин қожа:

– Аттың да жүрігіті кетіп, шабаны қалды, ағайынның жақсысы кетіп, жаманы қалды, – дегені бар еді. Біреуге азар берген адамдардың өздерінің де тағдыры таразыға түседі. Артындағы ұрпағына да жақсы болмайды. Алла қалап, Көкаланың мықтылығы мен маған тілеулес жандардың пейілінің тазалығы мені сол бір кесепаттан құтқарды, – деп күрсініп еске алған.

Бағана Жәлектің жүрісіне қарап тұрып, бұл бала дәл елін білмейтін кезде оның әкесінің істеген қиянаты жүрегің тілгілеп өткен.

Тағат МАХАНОВ.

БОЛЫСТЫҢ БОЛЖАМЫ

Туған жердің әрбір сүйемі жанына құрғатамындай жақын екені белгілі. Осынау ұшқан құстың қанаты талып, шапқан аттың тұяғы тозатын сайын дала өзінің саңлақ ұлдарымен де қастерлі. Біздің атақонысымызда есімдері көпшіліктің жадында мәңгілікке сақталып қалған дарабоз тұлғалар аз болмаған. Солардың бірі – ұзақ жылдар бойы ел басқарған Егізбай Бейбітұлы.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы».

Біздің ауылда Егізбай болыстың зәулім үй тамы бар. Нақты деректе «Мемлекет қорғауына алынған Егізбай кесенесі 1927 жылы қамқосектен салынған. Кесененің биіктігі – 5 метр 80 см, аумағы 350 м². Кіріс есіктің жоғарғы жағында қатарынан 3 күмбез орналасқан» деп жазылған.

Егізбай болыс әділдігімен қатар, өткір тілді, алысты болжайтын көреген адам болғанға ұқсайды. Оған төмендегі оқиға дәлел болады.

Ертеректе Егізбай болыс, малының есебін адам санап тауыса алмайтын атақты Кенжебай бай, қожамолда, ишан өзге де елге сыйлы ақсақал-қарасақалдары Ащыкөлдін бойына мәжіліс жасапты. Атағы жер жарған ел ағаларының әр қадамы береке ғой. Толқыны жағаны ұрып, айдынында сазан ойнап, аккумуля

каз жүзген көлдің шүйігініне жағалай ақ боз үйлер тігіліп, саба-саба қымыз құйылып, ту биелер сойылып, самсаған жер ошақта қазан қайнап, мамыражай күй кешіпті. Осы мезетте алыс жолдан сапарлап, шаршап-шалдығып келе жатқан екі жолаушы жігіт шөл қандырып, сәл жан шақырып алмақ оймен киіз үйлердің көленкесіне отыра кетіпті. Исі қазақ мейманды жатсынған ба? Қос жолаушы да қымызға мелдектей тойыпты.

Түс әлеті болса керек. Білегін сыбанып қызмет жасап жүргендер астың дайын екенін, қолға су құю керектігін айтады. Мұны естіген біздің ауылдың жас жігіттері қаншама адамға қызмет жасауға ерініп, үйлерді айналып, сырттап кетіпті. Өзгелер ынғай танытпаған соң, мәжіліске кездейсоқ тап болған екі жолаушы жігіт басты ордаға



кіріп, үлкендердің қолына су құйып, баталарын алыпты.

Сонда төрт аяғын тең басқан жорғадай көпшілік арасына сызат түсірмеген Егізбай болыс:

– Қап, өттеген-ай. Осы үйде отырған ақсақал-қарасақалдар – аузы дуалы, сөзі киелі, тілегі қабыл, бақ дарып, қыдыр қонған, қасиеті мол қаймақтар еді. Барша ықылас-пейілдері, ризашылық-баталары бел балаларымызға емес, кездейсоқ

жүрген жолаушыларға бұйырды-ау. Жеті атамыздан бері қарай қонған билік біздермен шектелмесе игі. Ұрпағымыз тізгінен айрылып қалмаса болар еді-ау. Жалған дүние! – деп қатты өкінген екен.

Арада ғасырдан астам уақыт өтті. Егізбай атаның осы сөзі ел ішінде әлі ұмытылған жоқ. Қайран, бабалар!

Қазалы ауданы, Жанқожа батыр ауылы.

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – БІЗГЕ МІНДЕТ

Егемендік алғаннан бергі жылдар ішінде мемлекет басшысының саясаты арқасында қоғам дамуының барлық саласында түбегейлі өзгерістер болды. Соның ішінде мемлекеттік органдардың тиімді жүйесі мен құрылымы жасалып, мемлекетті басқарудың ұтымды үлгісі іске қосылды. Қазіргі таңда осы жүйені заман талабына сай жетілдіру қажеттігі туып отыр. Мемлекеттік кадр саясатын қалыптастыру, халықтың мемлекеттік қызмет түрлеріне қолжетімділігін арттыру бағытында игі бастамалар жүзеге асырылуда.

«Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясында: «Мемлекеттік қызмет көрсету – бұл еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіші» – деп атап өткен. Осыған байланысты, мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруға және аталған саланың дамуына басты назар аудару қажет.

Шынында да, мемлекеттік қызмет көрсетуінің сапасы – мемлекеттік органдардың жұмысын бағалаудың басты өлшемі. Мемлекеттік қызмет көрсету барлық саланы, соның ішінде азамат дүниеге келген кезден бастап барлық өмір сүру кезеңінде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша мемлекетпен тығыз байланыста болатынын белгілі.

Ел Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру арқылы азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне сенімін қолдау маңыздылығын ерекше атап келеді. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы – мемлекеттік қызметшілер жұмысы тиімділігінің басты көрсеткіші болатынын және ол мемлекеттік тұтынушы ретінде халыққа тікелей бағдарлануы тиісті

екенін айқындап берді. Елбасының тапсырма, міндеттеріне сәйкес, 2013 жылдың 15 сәуірінде «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы қабылданды.

Ветеринария саласындағы көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандарты ҚР АШМ-нің 2015 жылғы 6 мамырдағы №7-1/418 бұйрығымен бекітілген. ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы тарапынан көрсетілетін қызмет түрі – жануарларды өсіруді, жануарларды союға дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және сатуды жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жем және жемазық қоспаларын өндіру, сақтау және сату бойынша өндіріс объектілеріне тіркеу нөмірлерін беру. Тіркеу нөмірлерін алу үшін қажетті құжаттар топтамасы: мемлекеттік көрсетілетін стандарттың қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш, жеке басын куәландыратын құжат және өкілдің өкілеттігін растайтын құжат, өндіріс объектісі қызметінің түрі, өндірілетін өнімнің көлемі мен түрі туралы еркін нысанда жасалған ақпарат. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысанын электронды түрде жұмыс істейді.

Облыстағы кәсіпкерлер мен жеке тұлғаларға сапалы мемлекеттік қызмет көрсету ветеринария саласы мамандарының міндеті болып қала бермек.

А.УТЕГЕНОВА,
ҚР АШМ Ветеринариялық
бақылау және қадағалау
комитетінің Қызылорда
облыстық аумақтық
инспекциясының бас маманы.



МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУ
ҚОРЫ

МӘМС жарналарын дербес төлеушілер мына тұлғалар:

- тіркелмеген жұмыссыз азаматтар;
- ҚР шегінен тыс жерлерге кеткен тұлғалар (ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кеткендерден басқа);
- ЖК;
- жеке практикамен айналысатын, салық есептілігін ұсынуы тоқтата тұрған немесе әрекетсіз деп танылған азаматтар, – деп хабарлады «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

«Дербес төлеушілер өз пайдасына ай сайын МӘМС-ке аударалды және жарналарды есептеу объектісінің 5% мөл-

2020 жылда МӘМС жарналарын төлеуді қандай тұлғалар дербес жүргізеді?



шерінде 2020 жылдың 1 қантардан бастап жарналарды төлейді. Осылайша, МӘМС жарналарын дербес төлеушілер болып табылады және МӘМС-ке жарналарды дербес

төлеушілер ретінде төлейді – 1 ЕТЖ-ден 5%, немесе 2 125 теңге, – деп түсіндірді қор филиалының басшысы. Б.Исмаханбетовтың айтуынша, егер үй шаруасында-

ғы әйел ресми түрде бала күтіміне байланысты демалыста болса, онда ол өзі үшін МӘМС жарнасын төлеудің қажеті жоқ, себебі декреттік демалыста жүрген кезеңінде мемлекет ол үшін МӘМС жарнасын төлейді.

Жалпы мемлекет азаматтардың 15 санаты үшін төлемдерді жүзеге асырады. Толығырақ Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының сайтында: <https://fms.kz/ru/content/1gotnyn-kategoriya-m-grazhdan>

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалдың халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау жөніндегі бөлімі.

Табиғат пайдаланушылар, жергілікті тұрғындар және ерікті табиғат жанашырлары назарына! «Таза су айдындары-2020» акциясы

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 2020 жылғы 3 наурыздағы №27-5-6/48 санды «Балық шаруашылығы су айдындарында «Таза су айдындары» табиғат қорғау акциясын өткізу туралы» бұйрығы негізінде, ағымдағы жылдың 01-31 мамыр күндері аралығында республиканың барлық өңірлеріндегі балық шаруашылығы су айдындарында «Таза су

айдындары-2020» табиғат қорғау акциясы жарияланды.

Осыған байланысты, облыс аумағындағы табиғат пайдаланушылары өздеріне бекітіліп берілген су айдындары мен учаскелерін тасталған (иесіз) ауларды сүзу және жағалау аумақтарын күн сайын тазартуға міндетті екенін ескертеміз.

Сонымен қатар, Сыр өңірінің ерікті табиғат жанашырларын жоғарыда аталған

акцияға қатысуға шақырамыз.

Байланыс телефондары: 8(7242) 231966, 8(7242)307803.

Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының Балық шаруашылығы бөлімі. Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы

«Энергосервис» ЕЖШС-ның электр энергиясын тұтынушылары назарына!

2020 жылдың 11 мамырынан бастап Қазақстан Республикасы аумағында төтенше жағдай режимінің тоқтатылуына сәйкес «Энергосервис» ЕЖШС бойынша электр энергиясымен бөлшек саудада жабдықтау қызметінде 05.03.2020 жылдан бастап енгізілген тарифтер қалпына келтірілді:

1. Орташа босату (базалық) тарифі 1 кВт*сағатына – қосымша күн салығынсыз – 15,89 теңге, қосымша күн салығымен – 17,7968 теңге.

1.1. Жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 15,9040 теңге ҚҚС-мен;

1.2. Занды тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 20,0144 теңге ҚҚС-мен.

2. Жеке тұлғалардың электр энергиясын тұтыну көлеміне сай (қосымша күн салығымен):

2.1. Электр плиталарын қолданбайтын тұтынушыларға:

* 1-денгей	1 адамға	1 айға (70 кВт*сағ. дейін)	15,0640 теңге
* 2-денгей	1 адамға	1 айға (71-150 кВт*сағ. аралығы)	19,0848 теңге
* 3-денгей	1 адамға	1 айға (150 кВт*сағ. жоғары)	23,8560 теңге

2.2. Электр плиталарын қолданатын тұтынушыларға:

* 1-денгей	1 адамға	1 айға (90 кВт*сағ. дейін)	15,0640 теңге
* 2-денгей	1 адамға	1 айға (91-170 кВт*сағ. аралығы)	19,0848 теңге
* 3-денгей	1 адамға	1 айға (170 кВт*сағ. жоғары)	23,8560 теңге

2.3. Жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген тұлғаларға:

* 1-денгей	1 адамға	1 айға (100 кВт*сағ. дейін)	15,0640 теңге
* 2-денгей	1 адамға	1 айға (101-150 кВт*сағ. аралығы)	19,0848 теңге
* 3-денгей	1 адамға	1 айға (151 кВт*сағ. жоғары)	23,8560 теңге

3. Занды тұлғалар және кәсіпкерлік пен басқа да шаруашылық нысандары үшін (тұтынушылар санатына қарай)

№	Тұтынушы санаты	Қосымша күн салығынсыз	Қосымша күн салығымен
1.	Бюджеттік мекемелер	25,61 теңге	28,6832 теңге
2.	Басқа да заңды тұлғалар және кәсіпкерлік пен басқа да шаруашылық нысандары	15,89 теңге	17,7968 теңге

«Энергосервис» ЕЖШС әкімшілігі.

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 14 шілдесінде №000498 мемлекеттік лицензиясы берілген)

Шиелі, Жаңақорған, Сырдария, Қармақшы және Жалағаш аудандары бойынша электр энергиясын тұтынушылары назарына!

2020 жылдың 11 мамырынан бастап Қазақстан Республикасы аумағында төтенше жағдай режимінің тоқтатылуына сәйкес «Шиелі Жарығы» ЖШС бойынша электр энергиясымен бөлшек саудада жабдықтау қызметінде 05.02.2020 жылдан бастап енгізілген тарифтер қалпына келтірілді:

1. Орташа босату (базалық) тарифі 1 кВт*сағатына – қосымша күн салығынсыз – 16,56 теңге, қосымша күн салығымен – 18,5472 теңге.

1.1. Жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 17,4944 теңге ҚҚС-мен;

1.2. Занды тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 19,4768 теңге ҚҚС-мен.

2. Жеке тұлғалардың электр энергиясын тұтыну көлеміне сай (қосымша күн салығымен):

2.1. Электр плиталарын қолданбайтын тұтынушыларға:

* 1-денгей	1 адамға	1 айға (70 кВт*сағ. дейін)	17,248 теңге
* 2-денгей	1 адамға	1 айға (71-150 кВт*сағ. аралығы)	21 теңге
* 3-денгей	1 адамға	1 айға (150 кВт*сағ. жоғары)	26,2416 теңге

2.2. Электр плиталарын қолданатын тұтынушыларға:

* 1-денгей	1 адамға	1 айға (90 кВт*сағ. дейін)	17,248 теңге
* 2-денгей	1 адамға	1 айға (91-170 кВт*сағ. аралығы)	21 теңге
* 3-денгей	1 адамға	1 айға (170 кВт*сағ. жоғары)	26,2416 теңге

2.3. Жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген тұлғаларға:

* 1-денгей	1 адамға	1 айға (100 кВт*сағ. дейін)	17,248 теңге
* 2-денгей	1 адамға	1 айға (101-150 кВт*сағ. аралығы)	21 теңге
* 3-денгей	1 адамға	1 айға (151 кВт*сағ. жоғары)	26,2416 теңге

3. Занды тұлғалар және кәсіпкерлік пен басқа да шаруашылық нысандары үшін (тұтынушылар санатына қарай)

№	Тұтынушы санаты	қосымша күн салығынсыз	қосымша күн салығымен
1.	Бюджеттік мекемелер	21,25 теңге	23,80 теңге
2.	Басқа да заңды тұлғалар және кәсіпкерлік пен басқа да шаруашылық нысандары	15,74 теңге	17,6288 теңге

«Шиелі Жарығы» ЖШС әкімшілігі.

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 16 шілдесінде №000507 мемлекеттік лицензиясы берілген)

ХАБАРЛАНДЫРУ

Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының уылдырық шашу және көбеюі кезеңінде Арал теңізіне құяр сағадан Түркістан облысының әкімшілік шекарасына дейінгі Сырдария өзенінде 1 сәуір мен 30 мамырды қоса алғандағы аралықта, Кіші Арал теңізінің (Сарышығанақ және Бутакровка шығанағында, сонымен қатар, осы шығанақтарды байланыстыратын сағаларда мұздың ыдырауынан бастап маусымның 10-на дейін) су айлағында 1 мамырдан 10 маусымды қоса алғандағы аралықта, Қызылорда облысының шегіндегі су айдындарында 20 сәуірден 10 маусымды қоса алғандағы аралықта балық аулауға тыйым салу енгізілген.

Сонымен қатар, артемияның көбеюі кезеңінде Өзбекстан Республикасының мемлекеттік шекарасына дейін Қазақстан Республикасының аумағы шегінде Тұщыбас, Чернышев шығанақтарын қоса алғанда, Үлкен Арал теңізінде 1 сәуірден 31 шілдені қоса алғандағы аралықта артемия жұмыртқаларын жинауға және дайындауға тыйым салынғандығын хабарлаймыз.

Облыс аумағындағы барлық табиғат пайдаланушыларының балық шаруашылығын жүргізу келісім шартына сәйкес жоғарыда көрсетілген кезеңдерде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде балық ресурстарының қорғалуын қамтамасыз ету қажеттігін естеріңізге саламыз.

Байланыс телефондары: 8(7242)231966, 8(7242)307803.

Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының Балық шаруашылығы бөлімі. Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы.

Сауал нысанындағы қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті «Ұзындығы 412 км болатын Қызылорда – Павлодар – Успенка – РФ шек.» республикалық маңызы бар автомобиль жолының «Қызылорда-Жезқазған» 12-424 км учаскесін қайта жаңарту» жобасы бойынша техникалық-экономикалық негіздемесіне «Қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау» жобасын қарастыру жөнінде сауал нысанындағы қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды.

Жергілікті атқарушы органның атауы – «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Қоғамдық тыңдауды өткізуге жауапты тұлғаның байланыс деректері – «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мемлекеттік экологиялық сараптама бөлімінің экологы Суханова Ботакөз, байланыс телефоны: 8 (7242) 60-53-69.

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік органның атауы – «Мемсараптама» РМҚ.

Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері – Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті, байланыс деректері – Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай Батыр

даңғылы, 32/1, байланыс телефоны – 8 (7172) 754600. Құжаттаманы әзірлеушінің атауы және байланыс деректері – «Каздорпроект» ЖШС, байланыс деректері – Алматы қаласы, Атамекен ықшау ауданы, 3 үй мекен жайы, байланыс телефоны: 8(727) 2555638, электрондық пошта - kazdor@yandex.ru

Мүдделі жұртшылықтың пікірін ескеру жөніндегі сауалнама парағы және жоба бойынша құжаттама жарияланған мемлекеттік органның интернет-ресурсының мекенжайы – <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=kk>

Ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын Тапсырыс берушінің электрондық пошталысы немесе интернет-ресурстың мекенжайы – k.priemnaya@muid.gov.kz.

Сауал нысанындағы қоғамдық тыңдаудың өтетін кезеңі (кем дегенде жиырма жұмыс күні) және ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды бастау және аяқтау күндері – бастау 2020 ж. 13 маусым күні және аяқтау 2020 ж. 13 маусым күні.

Барлық қызығушылық танытқан азаматтардың 2020 ж. 13 маусымға дейінгі мерзімде мүдделі жұртшылықтың пікірін, соның ішінде ұсыныстары мен ескертулерін есепке алу үшін сауалнаманы толтыру түрінде өз пікірін білдіруге мүмкіндіктері бар.

Тұтынушылардың назарына!

ШЖҚ «Қызылорда су жүйесі» МКК тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында 2019 жылдың қорытындылары бойынша бекітілген тарифтік сметаның инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялық субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есебін 2020 жылдың 5 маусымында сағат 11.00-де Желтоқсан көшесі №156 мекенжайында орналасқан мекеме ғимаратында өткізілетінін хабарлайды.

ШЖҚ «Қызылорда су жүйесі» МКК әкімшілігі.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда облысы, Сырдария ауданының жеке нотариусы Назарова Калдыгул Махашовна 2019 жылдың желтоқсан айының 2-күні қай



Тоғысқан тағдыр

Құқық қорғау органдарында қызметте де, өмірде де қатар жүрген жандар жетерлік. Қылмыстық атқару жүйесінде жұмыс істейтін Батырбек-Айжан Исаковтар осының бір дәлелі. Ерлі-зайыпты екеу ЗК-169/1 түзету мекемесінде жұмыс істейді.

Сб Дәулет ҚЫРДАН, «Сыр бойы».

Әділет лейтенанты Батырбек Өмірбекұлы жұмысына адалдығымен, жауапкершілікті жете түйсінетін мінезімен ерекше. Әріптестерінің арасында абырой-беделге ие. Ол өмірлік жары Айжанмен қызмет барысында танысты.

– Мінезі биязы, салмақты қызды бір көргеннен ұнаттым. Бір жылдай жақын араласып, кейін отбасын құрдық. Қазір отасқанымызға он

жылға жуықтады. Алла берген үш қызымыз бар. Ал үш қызы бар әкенің абыройын өзіңіз біле жатарсыз. Бұл туралы шарияғатқа да айтылған, – дейді Б.Исаков.

Олар өмір айдынында қатар жүзіп келеді. Бақыт бесігінде де қатар тербеліп жүр. Қызметі қаталдық пен тәртіпке негізделгенімен, отбасында жылулық деген ұғым алдыңғы қатарда тұрады.

Онлайн садақ ату

Қызылордалық өнертапқыштар садақ атудың онлайн нұсқасын жасады. Мұндай компьютерлік ойын Қызылордада алғаш рет қолға алынды. Жергілікті Абылайхан колледжінде оқитын Абылайхан Қарсақбай, ағайынды Сұлтан мен Бек Қазы осылайша жаңашыл ісімен өздерін жақсы қырынан таныта білді. 3D үлгісінде әзірленген туынды мамандар тарапынан жоғары бағаға ие болды. Бұл ойынды дайындауға олардың 4 айға жуық уақыты кеткен.

Сб Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы».

– Қазір интернет арқылы көптеген ойындарды көруге болады. Оған құмар жас өрен көп. Онда қазақтың ұғымына сай келетіні саусақпен санарлық. Тіпті, жок десек те болады. Мені және бірге оқитын достарымды осы мәселе ойландыратын. Ойласа келе, бір шешімге келдік. Ұлттық ойындарды жасауды қолға алдық. Жаңа жобамыз осылайша өмірге енді. Оны жасау барысында барлық ұсақ-түйекті ұмыт қалдырмауға тырыстық. Мақсатымыз өз нәтижесін берді. Садақ тарту ойыны көрген адамдарды өзіне баурай түсті. Осы салада жемісті еңбек етіп жүрген жергілікті ғалымдар мен мамандардың ақыл-кеңесіне құлақ түрдік. Олар өздерінің жоғары бағасын берді, – деді Абылайхан.

Жас өнертапқыштың айтуынша, бұл жоба арнайы бағдарламалар бойынша әзірленген. Бұл бағытта ойындарды өңдеу құралы пайдасын тигізді.

– Бүгінде оны виртуалды ойындар тізіміне енгізу бағытында тиісті іс-шаралар жүргізіп жатырмыз. Оның өз талаптары бар. Әлемде бұл бағытта қызмет атқарып жатқан компаниялар көп. Біз солар арқылы өз жобамызды кеңінен насихаттауға көңіл бөлдтік. Біз тек садақ тартумен ғана шектеліп қалғымыз келмейді. Алда үлкен жобалар күтіп тұр. Енді сол бағытта жұмыс жүргізсек деген ойымыз бар. Атап айтқанда, тоғызқұмалақ, асық ату, көкпар секілді қазақтың ұлттық ойындарын насихаттамақпыз. Осылайша компьютер мен ұялы телефонға үңілген жастарға сол арқылы ұлттық ойындарды үйретсек дейміз. Оларды VR ғана емес, компьютерге де, ұялы телефонға да шығару ойымызда бар, – деді Абылайхан.

Қазіргі таңда колледжде есептеу техникасы және бағдарламалық камтамасыз ету мамандығы бойынша білім алып жатқан жастар арасында түрлі жобаларды жүзеге асырып жүрген өнертапқыш өрендер баршылық. Атап айтқанда, Сержан Жұмажанов колледж студенттеріне арналған Telegram-бот бағдарламасын жасау үстінде. Ал, бір топ студенттер «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған» ойыншық құрастыруға көңіл бөліп отыр.



«Қайсар» дайындығын бастады

Әлемді жайлаған қатерлі індет барлық салаға да елеулі салқынын тигізді. Оның ішінде спорт та бар. Жанкүйер қауымы асыға күтетін футбол ойындары да кейінге шегерілді.

Сб Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы».

Жағдай тұрақтала бастаған қазіргі уақытта олар да қалыпты оқу-жаттығу шарасына кірісе бастады. Қызылорда өңірінің абыройын асқартатып жүрген «Қайсар» командасының ойыншылары соңғы бір-екі күнде стадионда дайындығын жүргізуге мүмкіндік алды. Екі айға жуық үйде өздерінің физикалық формасын сақтауға мәжбүр болған футболшылар енді толыққанды жаттығуға кірісуде. Әрине, әлі де оларға қойылатын талаптар баршылық. Команда басшылығы сол талаптардың орындалуын қадағалайды.

– Пандемия барлығымызға оңайға соққан жоқ. Футболдан Қазақстан біріншілігі екі турдан кейін кейінге шегерілгенін жанкүйерлер жақсы біледі. Мұндай жағдай әлемнің барлық елінде кездесті. Еуропаның беделді біріншіліктерінде де осындай ахуал қалыптасты. Бұл алаңдардың денсаулығын сақтауда оң қадам болды. Сол арқылы футболшылар мен жанкүйерлерді көлденең кеселден сақтауға назар аударылды.

«Қайсар» ойыншылары да сол талапты орындауға көңіл бөлді. Карантин уақытында өз үйінде болды. Тіпті, легионерлерді де өз елдеріне жіберген жокпыз. Олардың барлығы Қызылорда қаласынан сыртқа шыққан жоқ. Спортшы әрдайым өзінің бабында болуы тиіс. Бұл бағытта бапкерлер мен ойыншылар тығыз байланыста жұмыс жүргізді. Бапкерлердің онлайн түрде берген тапсырмасын футболшылар толық орындады. Осылайша олардың өз бабын жоғалтпауға көңіл бөлінді. Команда үшін биыл – ерекше жыл. Еурокубок ойындарында бақ сыйаймыз, – деді «Қайсар» командасының бас директоры Серік Досманбетов.

Қазір еліміздің футбол федерациясында Қазақстан біріншілігін өткізудің бірнеше нұсқасы дайындалуда. Доп дондасын қараша айына дейін аяқтау ойластырылған. Ол үшін ойындар санын қысқарту ұсынылып отыр. Бұл жағдайда қазірге дейін өткен 1 және 2 тур, мерзімі өзгерген ойындарды қоса есептегенде біріншілік екі айналым бойынша жүргізіледі. Сондай-ақ, Қазақстан кубогын ұйымдастыруда да өзгерістер енгізілуі мүмкін. «Қайсар» өткен жылғы кубок иегері ретінде оны ширек финалдан бастайды.

– Карантин уақытында ойыншылар денсаулығына көңіл бөлдтік. Қашықтан олардың денсаулығы қадағаланып отырды. Біз арнайы тізбе негізінде тапсырма бердік. Футболшылар сол бойынша бізге барлық мәліметтерді жіберді. Ендігі кезекте де олардың денсаулығы санитарлық талапқа сай негізде назарда ұсталады, – деді команда дәрігері Сәкен Дөнесов.

Оқу-жаттығу жиынына барлығы 26 футболшы шақыру алды. Әзірге жігіттер күніне екі мәрте дайындық жүргізеді. Алдағы уақытта ол үшеуге көбейтілуі мүмкін. Бұл ойыншылардың толық қалпына келуіне оң әсерін тигізеді.

Мамандық таңдау – мақсатқа жету



Қазір жастардың шет елдерде білімін арттырып, қажетті тәжірибе жинауына жағдай жасалған. Ал, мұндай барыс-келіс білікті маман даярлау ісіне айтарлықтай септесетіні анық. Облыс әкімдігі мен Ресей Федерациясының университеттері арасындағы екіжақты меморандумға сәйкес, Сыр жастары да бірнеше жыл бұрын осындай мүмкіндікке қол жеткізді. Бүгінде көрші мемлекеттің біліміне басымдық берген жастардың бірқатары туған жерге оралып, өз қабілеттерін жұмыс барысында іске асыруда. Олардың қатарында Аманбай Базарбай бар.

Сб Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы».

Ол қадағай Т.Есетов атындағы №264 мектепті тәмамдаған. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ, тың тәжірибе жинауды қалағанын айтады.

– Адам болашағын болжай алмайды, тек жоспарлаумен

шектеледі. Мен де бала кезімнен мектепті үздік тәмамдап, өзім қалаған мамандыққа тапсыруды ойладым. Арман мені алға жетеледі. Өзге елде оқып, басқа жерде білімді шыңдау, ел асып, жер көру, Қазақстанды та-

лантты да талапты азаматтардың елі екенін паш ету – екінші біріне бұйырмайтын бақ. Алайда, мұның барлығын жүзеге асыруға болатынына уақыт өте көзім жетті. Мен де «Мәскеу болат және қорытпа институты»

ұлттық зерттеу технологиялық университетінің Новотроицк филиалына оқуға түсіп, мақсатыма бір қадам жақындадым. Бастапқыда қиын болғаны рас. Өзге ел, өзге орта дегендей. Алайда, уақыт өте барлығына үйренісіп кеттік, – дейді Аманбай.

Кейіпкеріміз оқуды ойдағыдай тәмамдап, туған жерге табан тіреуге, Сыр халқының игілігі үшін еңбек етуге асыққанын айтады.

– Өткен жылы оқуды аяқтадым. Сырға келгеннен кейін облыстық «Жастар ресурстық орталығында» жұмыс берушілермен кездесу өтті және облыс кәсіпорындарында түрлі экскурсиялар ұйымдастырылды. Соның нәтижесінде өз жолымды тандадым. «Қызылорда электротраптық бөлу компаниясы» АҚ-да бос жұмыс орны болды. Өңгімелесуден сәтті өтіп, тиісті құжаттарымыз тапсырып, сонда жұмысқа орналастым, – дейді ол.

Аманбай жұмысқа еш кедергісіз орналасқан. Ал оның сұранысқа ие мамандықтарды зерделеп барып, дұрыс таңдау жасағанын байқауға болады. Себебі, қазір техника тілін меңгерген жастардың қатары аз екені рас. Жұмыс берушілер тарапынан жан-жақты, креативті ойлайтын және серпінді инновацияны жасауға қабілетті мамандарға деген сұраныс, әрине, кемімейді.

Түлектер тартуы



Сырдариялықтар аудан орталығына Сыр салысының бейнесіндегі сағат орнатты.

Аталған нысан – Тереңөзек кентіндегі №36 Ө.Тәжібаев атындағы мектеп-лицейді 1980 жылы бітірген түлектердің 40 жылдыққа тартуы. Сағаттың биіктігі – 14 метр. Ал ені 5 метрге жетеді. Ұйымдастырушылардың

айтуынша, алып сағатты құрастыруға 2 ай уақыт кеткен. Енді күрші бейнесіндегі сағаттың айналасына әсем гүлзарлар орнатылмақ.

«СБ» ақпарат.

 www.facebook.com/syrboyi.kz/		 https://twitter.com/syrboyi		 www.instagram.com/syrboyikz			
Меншік иесі  жауапкершілігі шектеулі серіктестірі		Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)		Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. “АҚ” – ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.		Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	
БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)		БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)					
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.		e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz		Таралымы 28791	Тапсырыс №673		
Кезекші редактор Ғазиза ӘБІЛДА.							